


Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

22PFL3805H/12



KK Қолданушының нұсқасы

PHILIPS



Österreich	0800 180 016	
België/Belgique	80080190	
България	00800 11 544 24	
Hrvatska	01 6403 776	Lokalni poziv
Česká republika	800142840	Bezplatný hovor
Danmark	3525 8759	Lokalt opkald
Estonia	6008600	kohalik kõne tariifi
Suomi	09 2311 3415	paikallispuhelu
France	0805 025 510	numéro sans frais
Deutschland	0800 000 7520	gebührenfreier Anruf
Ελλάδα	0 0800 3122 1280	Κλήση χωρίς χρέωση
Magyarország	0680018189	Ingyenes hívás
Hrvatska	0800 222778	free
Ireland	01 601 1777	
Italia	800 088774	Numero Verde
Қазақстан	+7 727 250 66 17	local
Latvia	52737691	local
Lithuania	67228896	local
Luxemburg/Luxembourg	40 6661 5644	Ortsgespräch/Appel local
Nederland	0800 0230076	Gratis nummer
Norge	22 70 81 11	Lokalsamtale
Polska	00800-311-13-18	Pozostałe produkty RTV oraz AGD
Portugal	800 780 903	Chamada Grátis
România	0800-894910 0318107125	Apel gratuit Apel local
Россия	(495) 961-1111	0.15 USD/minute
Србија	+381 114 440 841	Lokalni poziv
Slovensko	0800 004537	Bezplatný hovor
Slovenija	00386 12 80 95 00	lokalni klic
España	900 800 655	Teléfono local gratuito solamente para clientes en España
Sverige	08 5792 9100	Lokalsamtal
Suisse/Schweiz/Svizzera	0800 002 050	Schweizer Festnetztarif/ Tarif réseau fixe France
Türkiye	0800 261 3302	Şehiriçi arama
United Kingdom	General No: 0800 331 6015 General National Rate No: 0870 911 0036	free National rate
Україна	0-800-500-697	

Мазмұндар кестесі

1 Ескерту	3
Авторлық құқықтары	4
Сауда белгілері	5
2 Маңызды	6
3 Теледидар	10
Бүйір басқару элементтері мен индикаторлар	10
Қашықтан басқару пульті	11
4 Теледидарды пайдалану	13
Теледидарды немесе күту режимін қосады / өшіреді	13
ТД көру	13
Жалғаулы құрылғыларды көру	14
Теледидардың дыбыс деңгейін дұрыстау	14
Телемәтінді пайдалану	14
5 Дискіні ойнату	15
Диск ойнату	15
Диск үшін көбірек ойнату мүмкіндіктері	17
Параметрлерді өзгерту	18
Диск ойнатқышы бағдарламалық жасақтамасын жаңарту	20
6 Теледидардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану	21
Теледидар мәзірлеріне кіру	21
Құрылғылардың атауларын бастапқы мәзірден өзгерту	21
Құрылғыларды бастапқы мәзірден жою	22
Сурет пен дыбыс параметрлерін өзгерту	22
Әмбебап қатынас мәзірін пайдалану	26
Озық телемәтін мүмкіндіктерін пайдалану	27

Сүйікті арналардың тізімін құру және пайдалану	28
Электрондық бағдарламалар нұсқаулығын пайдалану	29
Теледидар сағатын пайдалану	30
Таймерлерді пайдалану	31
Теледидарды құлыптау функцияларын пайдалану	32
Субтитрлерді пайдалану	34
USB еске сақтау құрылғысындағы фото суреттерді көру және музыканы ойнату	35
Сандық радио арналарды тыңдау	36
Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту	37
Теледидар артықшылықтарын өзгерту	38
Декодер арнасына өту	39
Теледидардың демонстрация режимін іске қосу	39
Теледидардың зауыттық параметрлерін қалпына келтіру	39

7 Арналарды орнату	40
Арналарды автоматты түрде орнату	40
Арналарды қолмен орнату	41
Арналардың атауларын өзгерту	42
Арналарды ретке келтіру	42
Сандық сигналды қабылдауды тексеру	42

8 Құрылғылар жалғау	43
Артқы коннектор	43
Бүйір коннекторы	44
Компьютерді жалғау	45
Шартты қатынас модулін пайдалану	46
Philips EasyLink режимін пайдалану	47
Kensington құлпын пайдалану	48

9 Өнім туралы ақпарат	49
Теледидар	49
Диск ойнатқышы	49
Қашықтан басқару пульті	50
Электр қуаты	50
Жинақтағы теледидар бекітпелері	50
Өнімнің техникалық сипаттамасы	50

10 Ақаулықтарды жою	51
Жалпы мәселелер	51
Теледидар арналарына қатысты мәселелер	51
Сурет ақаулары	51
Дыбыс ақаулары	52
Диск ойнатқышы мәселелері	52
HDMI қосылымының ақаулары	53
Компьютер қосылымының ақаулары	53
Бізбен байланысыңыз	53

11 Индекс	54
------------------	----

1 Ескерту

2010 © Koninklijke Philips Electronics N.V.

Барлық құқықтары қорғалған.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. Сауда белгілері Koninklijke Philips Electronics N.V немесе олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады. Philips кез келген уақытта сәйкесінше жабдықтарын ертерек реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады. Бұл нұсқаулықтағы материал жүйені дұрыс пайдалануға жеткілікті деп саналады. Егер өнім немесе оның жеке модульдері немесе тәртіптері осында көрсетілгеннен басқа мақсаттарға пайдаланылса, оның негізділігі мен қолайлылығын растауға қол жеткізу керек. Philips материалдың Америка Құрама Штаттарының патенттерін бұзбайтынына кепілдік береді. Ешқандай кепілдік берілмейді немесе айтылмайды.

Кепілдік

- Жарақат салу, теледидарды зақымдау немесе кепілдіктің бұзылу қаупі бар! Ешқашан теледидарды өзіңіз жөндеуге талпынбаңыз.
- Теледидар мен аксессуарларды өндіруші көрсеткен мақсаттарға ғана пайдаланыңыз.
- Теледидардың артқы жағында басылған сақтандыру белгісі электр тогының соғу қаупін көрсетеді. Ешқашан теледидардың жабынын шешпеңіз. Қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары үшін әрдайым Philips тұтынушыларға қолдау көрсету орталығымен хабарласыңыз.



- Мына нұсқаулықта нақты тыйым салынған әрекеттер немесе мына нұсқаулықта ұсынылмаған немесе рұқсат берілмеген реттеу немесе жинау тәртіптері кепілдікті жарамсыз етеді.

Пиксел сипаттамалары

Бұл СКД өнімінде түрлі түсті пикселдердің саны жоғары. Оның тиімді пикселдері 99999% не одан көп болғанымен, экранға қара дақтардың немесе жарықтың ашық нүктелерінің (қызыл, жасыл немесе көк) үнемі шығуы мүмкін. Бұл дисплейдің құрылымдық сипаты (жалпы өнеркәсіп стандарттары шеңберінде) және ол ақаулық болып саналмайды.

Электр магнитті өріспен (ЭМӨ)

үйлесімділігі

Koninklijke Philips Electronics N.V.

тұтынушыларға арналған, басқа электрондық құрылғылар сияқты, негізінде, электр магнитті сигналдар шығаратын және қабылдайтын қабілеті бар көп өнімдер жасайды және сатады.

Philips компаниясының негізгі жұмыс ұстанымдарының бірі біздің өнімдерімізге барлық қажетті денсаулық және қауіпсіздік шараларын сақтау, қолданыстағы барлық заң талаптарын ұстану және өнімді жасау кезінде қолданылатын ЭМӨ ішінде сақтану болып табылады.

Philips компаниясына денсаулыққа кері әсерлері жоқ өнімдерді дамыту, жасау және сату тапсырылған. Philips компаниясы өнімдерінің арналған мақсатына дұрыс қолданылғанында, олардың қазіргі таңдағы ғылыми дәлелдерге сәйкес пайдалануға қауіпсіз екенін растайды.

Philips компаниясы халықаралық ЭМӨ және қауіпсіздік стандарттарын дамытуда белсенді рөл атқарып, Philips компаниясының өз өнімдеріндегі алдыңғы тұтастығы үшін стандарттауды әрі қарай дамытуға қатысуына мүмкіндік береді.

Электр қорегі сақтандырғышы (тек Ұлыбритания үшін)

Бұл теледидар мақұлданған қалыптағы электр ашасымен жабдықталған. Электр қорегі сақтандырғышын алмастыру қажет болғанда, оны ашада көрсетілген (мысалы, 10 А) мәні бірдей сақтандырғышпен алмастыру керек.

- 1 Сақтандырғыштың қақпағы мен сақтандырғышты алыңыз.
- 2 Алмастыратын сақтандырғыш BS 1362 талабына сәйкес және ASTA мақұлдау белгісі болуы керек. Егер сақтандырғыш жоғалып қалса, дұрыс түрін тексеру үшін дилеріңізбен хабарласыңыз.
- 3 Сақтандырғыштың қақпағын жабыңыз. ЭМӨ ережесіне сәйкестікті ұстану үшін мына өнімнің электр ашасын электр шнурынан ұстап тартпау керек.

Авторлық құқықтары



Be responsible
Respect copyrights

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалады. Бұл авторлық құқықтарды қорғау технологиясын пайдалану үшін Rovi корпорациясының рұқсаты керек және бұл технология тек үйде және басқа да шектеулі қолданыс аясында көруге арналған, басқа жағдайларда Rovi корпорациясының рұқсаты керек. Қайта құрастыруға немесе бөлшектеуге тыйым салынған.

Біріккен Корольдіктегі авторлық құқықтар

Материалды жазу және ойнату келісімді талап етуі мүмкін. 1956 жылғы авторлық құқықтар актісін және 1958 бен 1972 жылдар арасындағы Орындаушыларды қорғау актісін қараңыз.

Сәйкестік



Бұл өнім 2006/95/EC (төмен кернеу), 2004/108/EC (EMC) директиваларының тиісті талаптары мен басқа да сәйкес ережелеріне сәйкес келеді.

Сауда белгілері

® Kensington және Micro Saver - дүниежүзі бойынша басқа елдерде берілген тіркеулері және қарастырылып жатқан өтініші бар АССО дүниежүзілік корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

Теледидар үшін:



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған. «Dolby» және қос «D» таңбасы – Dolby зертханаларының сауда белгілері.


Диск ойнатқыш үшін:



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған. «Dolby» және қос «D» таңбасы Dolby Laboratories сауда белгілері болып табылады.



HDMI, және HDMI логотипі және High-Definition Multimedia Interface белгілері HDMI licensing LLC сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. Барлық басқа тіркелген және тіркелмеген сауда белгілері олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.



2 Маңызды

Теледидарды пайдаланардың алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алыңыз. Егер нұсқауларды сақтамаудан зақым келсе, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Теледидарды жаңбырға немесе суға шығармаңыз. Теледидардың жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Егер сұйықтық теледидардың үстіне немесе ішіне төгілсе, теледидарды қуат көзінен бірден ажыратыңыз. Теледидарды пайдаланбастан бұрын оны тексеріп алу үшін Philips тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ешқашан теледидарды, қашықтан басқару пультін немесе батареяларды жалаңаш жалынның немесе басқа қызу көздерінің жанына, оның ішінде тікелей күн шуағына қоймаңыз. Өрттің жайылып кетуіне жол бермеу үшін шырағданды немесе басқа жалынды теледидардан, қашықтан басқару пультінен және батареялардан барлық уақытта алыс ұстаңыз.



- Ешқашан теледидардың желдеткіш тесіктеріне немесе басқа ашық жерлеріне заттар салмаңыз.
- Теледидар топсалы қосылғанда, электр шнурының тартылып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Тоқ сымындағы дәнектер байланысты нашарлатуы және күйюіне себеп болуы мүмкін.

- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Қашықтан бақылау немесе батареяларды жаңбырға, суға немесе тым көп қызулы жерлерге шығармаңыз.
- Қуат розеткасына қатты күш салмаңыз. Бос тағылған қуат розеткасы күйюге немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Теледидар немесе диск ойнатқышына зақым немесе зиян келуі қаупі бар!

- 55 келіден ауыр телевизорды екі адам көтеруі талап етіледі.
- Теледидарды тіреуіне орнатқан кезде тек жинақтағы тіреуді пайдаланыңыз. Теледидарға тіреуді қауіпсіз етіп орнатыңыз. Теледидар мен тіреудің салмағын біркелкі ұстап тұра алатын тегіс, жазық жерге теледидарды орналастырыңыз.
- Теледидарды қабырғаға орнатқан кезде теледидардың салмағын ұстап тұра алатын қабырға тіреуін ғана пайдаланыңыз. Қабырға тіреуін теледидар мен қабырға тіреуінің салмағын біркелкі ұстап тұра алатын қабырғаға орнатыңыз. Koninklijke Philips Electronics N.V. қабырғаға дұрыс орнатылмау салдарынан апатқа, адамның жарақаттануына немесе зақымдануға жауапкершілік артпайды.
- Ашық жағдайда көрінетін және көрінбейтін лазерлік сәулелену. Радио сәулелерін шығаруына жол бермеңіз.
- Диск бөліктерінің ішінен дискінің оптикалық линзаларына қолыңызды тигізбеңіз.

Балалардың жарақаттану қаупі бар!

Теледидардың балалар үстіне құлап, олардың жарақаттануына жол бермеу үшін мына сақтандыру шараларын орындаңыз:

- Ешқашан теледидарды сырғанап тұрмайтын жапқыш немесе басқа материал жабылған жерге қоймаңыз.

- Теледидардың ешқандай бөлігінің шетінен салбырап тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Ешқашан теледидарды ұзын жиһазға (кітап шкафы сияқты) қабырғаға жиһаз бен теледидарды бекітпей немесе қолайлы демеусіз орналастырмаңыз.
- Теледидарға жету үшін жиһазға мінуден қауіп-қатерлер болатыны туралы балаларды хабардар етіңіз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Ешқашан теледидарды тар жерге орнатпаңыз. Әрқашанда теледидардың желдетілуіне айналасынан кемінде 4 дюймдей немесе 10 сантиметрдей бос орын қалдырыңыз. Теледидардың желдеткіш тесіктерін перделердің немесе басқа заттардың жауып қалмауын қадағалаңыз.

Теледидарды зақымдау қаупі бар!

- Теледидарды ток көзіне қосардың алдында, электр кернеуінің теледидар артындағы мәнге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер кернеу басқа болса, теледидарды ешқашан ток көзіне қоспаңыз.

Тоқ сымының зақымдану немесе өртену қаупі!

- Ешқашан теледидарды немесе басқа заттарды электр шнурының үстіне қоймаңыз.
- Теледидардың электр шнурын ток көзінен оңай ажырату үшін электр шнурына барлық уақытта қолыңыздың жететініне көз жеткізіңіз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.
- Найзағай алдында теледидарды қуат көзінен және антеннадан ажыратып қойыңыз. Найзағай кезінде теледидардың кез келген бөлігіне, электр шнурына немесе антенна кабеліне тиіспейсіз.

Есту қабілеті зақымдану қаупі!

- Құлаққапты жоғары дауыс деңгейінде немесе ұзақ уақыт пайдаланудан сақтаныңыз.

Төмен температуралар

- Егер теледидар 5°C-тан төмен температурада тасымалданса, теледидарды қуат көзіне жалғамай тұрып, теледидарды орауышынан шығарып, теледидардың температурасы бөлме температурасымен сәйкес келгенше күтіңіз.

Өнімге күтім жасау

- Диск бөлігіне дискіден өзге ешнәрсе салуға болмайды.
- Диск бөлігіне майысқан немесе жарылған дискілерді салуға болмайды.
- Егер өнімді ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, дискілерді диск бөлігінен алып тастаңыз.

Экран күту

- Мүмкіндігінше негізгі суреттерді қолданбаңыз. Негізгі суреттер дегеніміз экран бетінде ұзақ уақытқа дейін қалып қоятын суреттер. Мысалдар берілген: экран мәзірлерінде, қара кесектер және уақыт көрсеткіштері. Егер негізгі суреттерді пайдалануыңыз қажет болса, экранға зақым келтірмеу үшін экран контрастын және жарықтығын азайтыңыз.
- Тазалау алдында теледидардың шнурын ажыратыңыз.
- Теледидар мен жақтауын жұмсақ, әрі дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Ешқашан алкоголь, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды теледидарға пайдаланбаңыз.
- Теледидардың экранына зақым келу қаупі бар! Ешқашан экранды ұстамаңыз, баспаңыз, ысқыламаңыз немесе кез келген нысанмен қырмаңыз.
- Сызылуын және түсінің кетуін болдырмау үшін, мүмкіндігінше су тамшыларымен сүртіп тұрыңыз.

Ескірген бұйымдарды және батареяларды жою.



Бұйымыңыз басқа мақсатқа және қайта қолдануға мүмкін жоғары сапалы материалдармен және бөлшектермен әзірленіп жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жаңдандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Климаттық жұмыстар



- Жоғары қуат тұтыну үнемділігі
- Күту режимінде қуатты аз тұтынуы
- Қайта өңдеуді жеңілдетуге құрастырылған

Philips компаниясы өзінің жаңашыл өнімдерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін төмендетумен үнемі айналысады. Біз өндіру, зиянды заттарды азайту, қуатты үнемдеп тұтыну, пайдаланудан кейінгі нұсқауларды орындау және өнімді қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғауға бар күш-жігерімізді саламыз. Компанияның қоршаған ортаны қорғау жұмысына атсалысқаны үшін бұл теледидар Еуропалық «гүл» экотанбасымен марапатталды - www.ecolabel.eu Осы теледидардың күту режиміндегі энергияны тұтыну, кепілдік міндеттемесі, қосымша бөлшектері және қайта өңдеу жөнінде толық ақпаратты Philips компаниясының сіздің мемлекетіңізге арналған www.philips.com вебсайтынан таба аласыз. Теледидардың энергияны тиімді пайдалануға үлесін қосатын мүмкіндіктері бар. Бұл теледидар өзінің қоршаған ортаны ластануға қарсы қасиеттері үшін Еуропалық экотанбасымен марапатталған.

Қуатты үнемдеу мүмкіндіктері

- **Энергия үнемдеу**

Теледидардағы энергияны сақтау қондырғысы қуатты үнемдейтін бірнеше қондырғыны біріктіреді. Орнату мәзірінен оңтайлы реттеулер бөлімін оқыңыз.

- **Күту режиміндегі қуатты аз мөлшерде тұтыну**

Топ жаратын және жоғары дамыған қуат схемалары теледидардың қуатты тұтыну дәрежесін өте төмен шегіне түсіріп, ал күту режимінде орындалатын үздіксіз қызметтерге мүлдем шығынданбайды.

Қуатты басқару (Тек таңдалған модельдерде ғана қолжетімді)

Теледидардың алдыңғы қатардағы қуатты басқару оның өз энергиясын тиімді пайдалануына кепілдік береді. Теледидардағы жеке реттеулеріңіздің, экрандағы суреттер жарықтығы және сыртқы жарық жағдайының сәйкес қуат тұтыну көлеміне әсерін тексеруіңізге болады.

Пайдалануды аяқтау


Теледидар мен батареяларды сәйкесінше қоқысқа тастау туралы ақпарат алу үшін пайдаланушы нұсқаулығынан (ақылдасу 'Ескірген бұйымдарды және батареяларды жою.' бет 8) "Ескі өнімді және батареяларды сәйкесінше тастау" бөлімін қараңыз.

3 Теледидар

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін теледидарыңызды www.philips.com/welcome сайтында тіркеңіз.


Бұл бөлім жиі пайдаланылатын теледидардың басқару элементтері мен функцияларын шолуға мүмкіндік береді.

Бүйір басқару элементтері мен индикаторлар



- ① ▲ (Шығару): Дискті диск тұрағынан шығарады.
- ② Диск тұрағы
- ③ ▲ +/-: Дыбыс деңгейін күшейтеді немесе азайтады.
- ④ 🏠 (Бастапқы): Бастапқы мәзірді қосады немесе өшіреді.
- ⑤ P/S +/-: Келесі немесе алдыңғы арнаны ашады.
- ⑥ ⏻ (Электр қуаты): Өнімді өшіреді немесе қосады. Өнім физикалық жолмен ажыратылмайынша, ол толық өшірілген болып есептелмейді.
- ⑦ Қашықтан басқару пультінің сенсоры.

Қашықтан басқару пульті



1. (Күту режимі қосылды)

- Өнім қосылған болса, оны күту режиміне ауыстырады.
- Өнім күту режимінде болса, оны қосады.

2. GOTO / TELETEXT

Диск режимі: диск күйіне кіреді немесе өзгертеді.

Теледидар режимі: Телемәтінді қосады және өшіреді.

3. SOURCE

Қосылған құрылғыларды таңдайды.

4. AUDIO / AD

Диск режимі: Тілді немесе арнаны таңдайды.

Теледидар режимі: көзге көрінетін әлсіз бейнекескіндер үшін дыбыс түсініктемелерін қосады. (Тек БК РЖ сандық теледидар үшін)

5. ZOOM (тек дискіні ойнату үшін)

Бейне көрінісі немесе суретке ұлғайтады.

6. (Бастапқы)

Теледидар мәзірін қосады немесе өшіреді.

7. DVD SETUP / OPTIONS

Диск режимі: DVD орнату мәзірін қосады немесе өшіреді.

Теледидар режимі: Ағымдағы әрекетке немесе таңдауға қатысты параметрлерді ашады.

8. OK

- Енгізуді немесе таңдауды растайды.
- Теледидарды көру барысында арна торын көрсетеді.

9. (Жылжу түймелері)

Теледидар / диск режимі: Мәзірлерге өткізеді.

Диск режимі: тақырыпта алға немесе артқа іздейді.

10. INFO

Қол жетімді болса, бағдарламаны немесе диск ақпаратын көрсететеді.

11. Ойнату түймелері

- USB мазмұнын шолыңыз.
- Дискіні ойнатуды басқарады.

12. (Дауыссыз)

Дыбысты өшіреді немесе қайта шығарады.


- ⑬ **P +/- (Бағдарлама +/-)**
- Келесі немесе алдыңғы арнаны ашады.
 - Теледидар мәзіріндегі алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
- ⑭ **☐ (Формат)**
Сурет форматын таңдайды.
- ⑮ **0-9 (Санды түймелер)**
Арнаны немесе параметрді таңдайды.
- ⑯ **☐ PICTURE**
Сурет мәзірін көрсетеді.
- ⑰ **🎵 SOUND**
Дыбыс мәзірін көрсетеді.
- ⑱ **🔊 +/- (Дыбыс деңгейі +/-)**
Дыбыс деңгейін күшейтеді немесе азайтады.
- ⑲ **TITLE MENU / BACK**
Диск режимі: DVD дискісінің тақырыптар мәзіріне кіреді.
Теледидар режимі: алдыңғы экран немесе арнаны қайтарады.
- ⑳ **DISC MENU / BROWSE**
Диск режимі: Диск мәзіріне кіреді немесе шығады.
Теледидар режимі: Арналар торы мен бағдарламалар тізімін ауыстырып қосады.
- ㉑ **REPEAT A-B (тек дискіні ойнату үшін)**
Қайта ойнату үшін бөлімнен немесе жолдан екі нүктені белгілейді немесе қайталау режимін өшіреді.
- ㉒ **REPEAT / DEMO**
- Қайталау мәзірін таңдайды немесе өшіреді.
 - Көрсету мәзірін қосады немесе өшіреді. (Тек белгілі бір модельдерде ғана қол жетімді)
- ㉓ **Түрлі түсті түймелер**
Тапсырмаларды немесе опцияларды таңдайды.

- ㉔ **TV**
Теледидар арналарына кіреді.

- ㉕ **SUBTITLE**
Диск режимі: қол жетімді субтитрлер тілдерін таңдайды.
Теледидар режимі: субтитрлерді көрсетеді. (Тек РЖ сандық теледидар үшін қол жетімді)

Қашықтан басқару пультінің пайдаланылуы


Қашықтан басқару пультіні пайдаланғанда оны теледидарға жақын ұстап, оны қашықтан басқару пультінің сенсорына қаратыңыз. Теледидар мен қашықтан басқару пульті арасында жиһаз, қабырға не басқа заттармен кедергі тұрмағанына көз жеткізіңіз.



4 Теледидарды пайдалану

Бұл бөлім теледидардың негізгі функцияларын (ақылдасу 'Теледидардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану' бет 21) іске қосуға көмектеседі.

Теледидарды немесе күту режимін қосады / өшіреді



Қосу үшін

- Егер күту режимінің индикаторы өшірулі болса, теледидардың бүйіріндегі **Φ (Электр қуаты)** түймесін басыңыз.
- Егер күту режимінің индикаторы қызыл болса, қашықтан басқару пультіндегі **Φ (Күту режимі қосылды)** түймесін басыңыз.

Күту режиміне қосу үшін

- Қашықтан басқару пультіндегі **Φ (Күту режимі қосылды)** түймесін басыңыз.
↳ Күту режимінің индикаторы қызылға ауысады.

Өшіру үшін

- Теледидардың бүйіріндегі **Φ (Электр қуаты)** түймесін басыңыз.
↳ Күту режимінің индикаторы өшеді.

Кеңес

- Теледидар күту режимінде электр қуатын аз пайдаланғанмен, қуатты пайдалануды жалғастыра береді. Ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болған жағдайда, теледидардың электр шнурын ток көзінен ажыратып қойыңыз.

Есте сақтаңыз

- Егер сіз қашықтан басқару пультін таба алмай, теледидарды күту режимінен қосқыңыз келсе, теледидардың бүйіріндегі **P/CH +/-** түймесін басыңыз.

ТД көру

- 1 **▲** түймесін басыңыз.
↳ Бастапқы мәзір шығады.
- 2 **[ТД қарау]** опциясын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін, сосын **OK** түймесін басыңыз.

Арналарды ауыстырып қосу


- Қашықтан басқару пультіндегі **P +/-** түймесін немесе теледидардың бүйіріндегі **P/CH +/-** түймесін басыңыз.
- Арнаның нөмірін **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.
- Арналар кестесін пайдалану үшін **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы арнаға оралу үшін қашықтан басқару пультіндегі **BACK** түймесін басыңыз.

Есте сақтаңыз

- Сүйікті тізімді пайдаланған кезде, сол арналарды ғана тізімнен (ақылдасу 'Сүйікті тізімді таңдау' бет 28) таңдауға болады.

Арналар кестесімен арналарды ауыстырып қосу

Арналар кестесі әрдайым барлық қол жетімді арналарды кесте форматымен көруге мүмкіндік береді.



- 1 **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арналар кестесі шығады.
- 2 Арналар кестесін қарап шығу үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 3 Арнаны таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.


Жалғаулы құрылғыларды көру



Есте сақтаңыз



- Құрылғыны теледидардың ресурсы ретінде таңдаудың алдында оны қосыңыз.

Ресурс түймесін пайдалану



- 1 **SOURCE** түймесін басыңыз.
↳ Ресурстар тізімі шығады.
- 2 Құрылғыны таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
- 3 Таңдауыңызды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Теледидар таңдалған құрылғыға қосылады.

Теледидардың дыбыс деңгейін дұрыстау




Дыбыс деңгейін көбейту немесе азайту үшін

- **▲/▼** түймесін басыңыз.

Дыбысты өшіру немесе қосу үшін

- Дыбысты өшіру үшін **MUTE** түймесін басыңыз.
- Дыбысты шығару үшін **MUTE** түймесін қайта басыңыз.

Телемәтінді пайдалану



- 1 **TELETEXT** түймесін басыңыз.
↳ Негізгі индекс беті шығады.
- 2 Бетті былайша таңдаңыз:
 - Беттің нөмірін енгізу үшін **Санды түймелер** түймесін басыңыз
 - Келесі немесе алдыңғы бетті көру үшін **P +/-** түймесін басыңыз
 - Түрлі түсті кодтағы элементті таңдау үшін **Түрлі түсті түймелер** түймесін басыңыз
 - Алдыңғы көрілген бетке оралу үшін **BACK** түймесін басыңыз
- 3 Телемәтіннен шығу үшін **TELETEXT** түймесін басу.

5 Дискіні ойнату

Бұл бөлім теледидардағы диск ойнатқыштың негізгі операцияларды сипаттайды.

Есте сақтаңыз

- Теледидар диск режимінде болғанда тек қана дискіні диск бөлігіне енгізуге болады.

Диск ойнату

Теледидар әр түрлі дискілерді, соның ішінде, бейне, аудио және аралас медиаларды (мысалы, JPEG суреттері мен MP3 музыкаларын CD-R дискісі).

- ▲ түймесін басыңыз.
→ Мәзір экраны шығады.
- [Диск ойнату] таңдау үшін ▲▼◀▶ түймесін, одан кейін OK түймесін басыңыз.
→ Теледидар диск көзіне қосылады.
- Дискіні диск бөлігіне енгізіңіз.
 - Дискіні затбелгісін алға қаратып енгізіңіз.
- Ойнатуды басқару үшін келесі түймешіктерді басыңыз:

Түйме	Әрекет
Жылжу түймелері	Мәзірлерге өткізеді.
OK	Енгізуді немесе таңдауды растайды.
▶▶	Ойната бастайды, тоқтатады немесе жалғастырады.
■	Ойнатуды тоқтатады.
◀◀ / ▶▶	Алдыңғы немесе келесі жолға, бөлімге файлды өткізіп жібереді.

Түйме	Әрекет
◀ / ▶	Жылдам артқа және алға айла жылдам жұру. Іздеу жылдамдығын өзгерту үшін қайталай басыңыз.
▲	Дискті диск тұрағынан шығарады.
ZOOM	Бейне көрінісі немесе суретке ұлғайтады.
REPEAT A-B	Қайта ойнату үшін бөлімнен немесе жолдан екі нүктені белгілейді немесе қайталау режимін өшіреді.
📺	Сурет форматы теледидар экранына сәйкес келеді.

Бейне опцияларын пайдалану

Бейне көру барысында бірнеше пайдалы мүмкіндіктерге кіріңіз.

Есте сақтаңыз

- Қол жетімді бейне параметрлері бейне көзіне тәуелді болады.

Түйме	Әрекет
▲ / ▼	Баяу артқа немесе баяу алға іздеу жасайды. Іздеу жылдамдығын өзгерту үшін қайталай басыңыз. VCD / SVCD үшін баяу артқа іздеу қол жетімді емес.
AUDIO	Тілді немесе арнаны таңдайды.
SUBTITLE	Бейне үшін субтитр тілін таңдайды.
INFO	Ненің ойнатылып жатқаны туралы ақпаратты көрсетеді.
REPEAT	Бөлімді немесе тақырыпты қайталайды.

Сурет опцияларын пайдалану

Бейне көру барысында бірнеше пайдалы мүмкіндіктерге кіріңіз.

Түйме	Әрекет
▲ / ▼	Фотоны тігінен немесе көлденең аударады.
◀ / ▶	Суретті есептегішті сағат тіліне сәйкес немесе сағат тіліне қарсы айналдырады. Файлды шолу көрінісінде алдыңғы немесе келесі бетке өтіңіз.
REPEAT	[Single] (Бір): суретті бір рет көрсетеді. [Repeat one] (Бір рет қайталау): суретті қайталай көрсетеді. [Folder] (Қалта): барлық суреттерді бір рет көрсетеді. [Repeat folder] (Қалтаны қайталау): барлық суреттерді қалтадан қайталай көрсетеді.
■	Суреттер слайдшоуын тоқтатады.
DISC MENU	Нобайлық браузер режимінен шығып, файлдық браузер көрінісіне кіреді.

Аудио опцияларды пайдалану

Аудио ойнатылуы барысында пайдалы мүмкіндіктерге кіріңіз.

Түйме	Әрекет
REPEAT (CDDA дискісі үшін)	Жолды, дискіні толығымен немесе кейінге қалдырылған жолдарды қайталайды.
REPEAT (MP3 дискісі үшін)	[Single] (Бір): әнді бір рет ойнатады. [Repeat one] (Бір рет қайталау): әнді қайталай ойнатады. [Folder] (Қалта): барлық әндерді қалтада бір рет ойнатады. [Repeat folder] (Қалтаны қайталау): қалтадағы барлық әндерді қайталай көрсетеді.
◀ / ▶	Файлды шолу көрінісінде алдыңғы немесе келесі бетке өтіңіз.

Диск үшін көбірек ойнату мүмкіндіктері

Бірнеше кеңейтілген мүмкіндіктер дискіден бейнені немесе суретті ойнату үшін қол жетімді.

Музыкалық слайдшоуды ойнату

Музыкалық слайд-шоу жасау үшін музыка мен суреттерді бір мезгілде ойнатыңыз. Файлдар бірдей дискіде сақталуы тиіс.

- 1 **↗** түймесін басыңыз, одан кейін **[диск ойнату]** опциясын таңдаңыз.
- 2 Музыкалық жолды таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Алдыңғы бетке оралу үшін **◀** түймесін басыңыз.
- 4 Сурет қалтасынан суретті таңдаңыз, одан кейін слайдшоуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Слайдшоуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
↳ Фото браузері көрінісі шығады.
- 6 Файл браузері көрінісі үшін **DISC MENU** түймесін басыңыз.
- 7 Музыканы тоқтату үшін **■** түймесін қайта басыңыз.

Белгіленген уақытқа ойнатуды жылдам өткізу

Көрініс уақытын енгізу арқылы бейненің белгілі бір бөлігіне жылдам өткізіңіз.

- 1 Бейне ойнату кезінде **GOTO** түймесін басыңыз.
- 2 Келесі параметрлердің бірін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз:
 - **[TT time]** (Тақырып мәзірі): тақырып уақытына кіріңіз.
 - **[CH time]** (Бөлім мәзірі): бөлім уақытына кіреді.
- 3 Белгілі бір уақытты енгізу үшін **Санды түймелер** түймесін басыңыз.
↳ Ойнату таңдалған уақытқа өтеді.
- 4 Шығу үшін **GOTO** түймесін басыңыз.

Түсіру бұрышын қосу

Бұл мүмкіндік тек түрлі түсіру бұрыштарынан қосылған DVD дискілері үшін ғана қол жетімді. Бұл суретті түрлі бұрышпен көру мүмкіндігін береді.

- 1 Бейне ойнату кезінде **GOTO** түймесін басыңыз.
- 2 **[Angle]** (Бұрыш) таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Қол жетімді түсіру бұрыштарын таңдау үшін **Санды түймелер** түймесін таңдаңыз.
↳ Ойнату таңдалған ракурсқа өтеді.
- 4 Шығу үшін **GOTO** түймесін басыңыз.

Параметрлерді өзгерту

Бұл бөлім диск ойнатқыштың параметрлерін өзгертуге көмектеседі.



Абайлаңыз

- Параметрлердің көпшілігі әлдеқашан диск ойнатқыштың ең тиімді мәндерімен теңшелген. Параметрді өзгертудің белгілі бір себебі болмайынша, оны әдепкі мәнімен қалдырған жөн.

Орнату мәзіріне кіру

- 1 DVD SETUP түймесін басыңыз.
- 2 Төмендегі мәзірлерге өту үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз:
 - **[General setup]** (Жалпы орнату): диск ойнатқыштың жалпы параметрлеріне кіреді.
 - **[Audio setup]** (Дыбыс орнату): диск ойнатқыштың аудио параметрлеріне кіреді.
 - **[Preference]** (Басымдық): таңдаулы параметрлеріңізді баптаңыз.
- 3 Орнату мәзірін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Диск ойнатқышының параметрлерін өзгерту әдістері туралы ақпарат үшін келесі бөлімдерді қараңыз.
- 4 Шығу үшін **DVD SETUP** түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Сұр түске боялған параметрді өзгерту мүмкін емес.
- Егер диск үшін қол жетімді емес шығысты таңдайтын болсаңыз, әдепкі параметр пайдаланылады.

Жалпы параметрді өзгерту

- 1 DVD SETUP түймесін басыңыз.
- 2 **[General setup]** (Жалпы орнату) таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

- 3 Келесі параметрлерді таңдап және реттеңіз, одан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз:
 - **[TV display]** (Теледидар экраны): Теледидар экранына сәйкес келуі үшін суретті көрсету пішімін таңдайды. (диск ойнатылмайтын кезде ғана қол жетімді)
 - **[4:3 Panascan]** (Қалыпты Pan Scan): 4:3 экранды теледидар үшін. Бүйірінен реттелетін толық биіктігімен көрсететін дисплей.
 - **[4:3 Letter Box]** (Қалыпты Letter Box): 4:3 экранды теледидар үшін. Жоғары және төменгі жағында қара жолақ шығатын кең экранды дисплей.
 - **[16:9]** (Кеңейтілген): Кең экранды теледидар үшін. Көрсету қатынасы: 16:9.
 - **[Menu language]** (Мәзір тілі): Экран мәзірі тілін таңдайды. Спецификациялық айырмашылықтарға байланысты диск ойнатқыштағы мәзір тілдерінің саны теледидардағыдан өзгеше болады.
 - **[Screen saver]** (Экрансақтағыш): Экран сақтағыш режимін қосады немесе өшіреді. Қосылған болса, экран 5 минут әрекетсіз күйден кейін экран күту режиміне өтеді (мысалы, уақытша тоқтату немесе тоқтату режимінде).
 - **[Disc lock]** (Диск құлпы): Диск бөлігіндегі дискіні кілттеу үшін **[On]** (Қосу) таңдайды. Егер кілттенген болса, кілттенген дискіні ойнатқан сайын дискіге кіру үшін құпиясөзді енгізуіңіз керек. Егер сіз құпиясөзіңізді ұмытып қалсаңыз, қалпына келтіру үшін "8888" кодын енгізіңіз.
 - **[Last memory]** (Соңғы жад): Соңғы жад параметрін қосады және өшіреді. Егер қосылған болса, ойнатқыш автоматты түрде ойнатуды соңғы тоқтату орнынан қалпына келтіреді.



Есте сақтаңыз

- Мәзірден шығу үшін **DVD SETUP** түймесін басыңыз.

Аудио параметрлерді өзгерту

- 1 DVD SETUP түймесін басыңыз.
 - 2 [Audio] (Дыбыс параметрлері) таңдап, OK түймесін басыңыз.
 - 3 [SPDIF setup] (SPDIF параметрлері) таңдап, OK түймесін басыңыз.
- [SPDIF output] (SPDIF шығыс): диск ойнатқышы мен басқа аудио жүйесіне сандық аудио шығысы.
 - [BITSTREAM] (Биттік рет): бастапқы сандық аудионы шығару үшін осыны таңдаңыз.
 - [PCM]: Бастапқы аудионы PCM түріне түрлендіру үшін таңдаңыз.
 - [LPCM Out] (Сызықты импульстік код): аудио іріктеу жиілігін таңдаңыз. Іріктеу жиілігі неғұрлым жоғары болса, дыбыс сапасы соғұрлым жақсы болады.



Есте сақтаңыз

- Мәзірден шығу үшін DVD SETUP түймесін басыңыз.

Таңдаулы параметрлерді өзгерту



Есте сақтаңыз

- [Preference] (Басымдық) параметрлерге кіру үшін ойнатуды тоқтатыңыз.

- 1 DVD SETUP түймесін басыңыз.
 - 2 [Preference] (Басымдық) таңдап, OK түймесін басыңыз.
 - 3 Келесі параметрлерді таңдап реттеңіз, одан кейін OK түймесін басыңыз:
- [VCD PBC] (VCD ойнатылуын басқару): VCD және SVCD дискілері үшін мазмұн мәзірлерін көрсетеді немесе өткізіп жібереді.
 - [Audio] (Дыбыс): Бейне үшін аудио тілді таңдайды.
 - [Subtitle] (Субтитр): Бейне үшін субтитр тілін таңдайды.

- [Disc menu] (Диск мәзірі): Бейне диск үшін мәзір тілін таңдайды.
- [Parental] (Ата-аналық): жиілікпен жазылған дискілерге қатынасты шектейді. Жиілігінен тәуелсіз барлық дискілерді ойнату үшін "8" деңгейін таңдаңыз.
- [Password setup] (Құпиясөз орнату): шектелген дискіні ойнату үшін PIN кодын орнатады немесе өзгертеді.
 - [Password mode] (Құпиясөз режимі): құпиясөз параметрлерін қосады немесе өшіреді.
 - [Password] (Құпиясөз): кілттенген диск пен шектелген дискіні ойнату құпиясөзін орнатады немесе өзгертеді. Құпиясөзді қалпына келтіру үшін "8888" кодын енгізіңіз.
- [Default] (Әдепкі): диск ойнатқышты зауытта бағдарламаға салынған әдепкі параметрлеріне қалпына келтіреді.
- [Version info.] (Нұсқалық ақпарат): диск ойнатқыштың ағымдағы бағдарламалық жасақтама нұсқасын көрсетеді.



Есте сақтаңыз

- Дискіні құлыптауды, құпиясөзді (PIN коды) және ата-ана бақылауы параметрлерін әдепкі мәндеріне қалпына келтіру мүмкін емес.

Диск ойнатқышы бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Жаңа жаңартуларды тексеру үшін ағымдағы бағдарламалық жасақтама нұсқасын Philips веб-сайтындағы соңғы бағдарламалық жасақтама нұсқасымен (егер болса) салыстырыңыз.

Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру

- 1 DVD SETUP түймесін басыңыз.
- 2 [Preference] (Басымдық) > [Version info.] (Нұсқалық ақпарат) түймесін таңдап, OK түймесін басыңыз.
↳ Баңдарлама нұсқасы көрсетіледі.

Бағдарламалық жасақтаманы CD-R дискісінен жаңарту

- 1 Компьютерге таза CD-R дискісін енгізіп, CD-R атын “PHILIPS” деп өзгертіңіз.
- 2 www.philips.com/support сайтында соңғы бағдарламалық жасақтама нұсқасын іздеңіз.
 - Үлгіге іздеу жасап, “бағдарлама және драйверлер” түймесін басыңыз.
- 3 Бағдарламалық жасақтаманы (TPMD52V01.bin) CD-R дискісіне жүктеңіз.
- 4 CD-R дискісін теледидар диск бөлігіне енгізіңіз.
- 5 Жаңартуды растау үшін теледидардағы нұсқауларды орындаңыз.
 - ↳ Аяқталған кезде диск ойнатқышы автоматты түрде өшіп, қайта қосылады.
 - Егер аяқталмаса, қорек шнурын бірнеше секундқа ажыратып, оны қайта қосыңыз.



Абайлаңыз


- Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту орындалуы кезінде қоректі өшіріңіз немесе CD-R дискісін алып тастаңыз, себебі диск ойнатқыш зақымдауы мүмкін.

6 Теледидардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану

Теледидар мәзірлеріне кіру

Мәзірлер арналарды орнатуға, сурет пен дыбыс параметрлерін өзгертуге және басқа мүмкіндіктерге кіруге көмектеседі.

- 1  түймесін басыңыз.
↳ Мәзір экраны шығады.



- 2 Төмендегі мәзірлердің біреуін таңдау және шарлау үшін   түймесін басыңыз.

- **[ТД қарау]:** Басқа ресурс таңдалған жағдайда, антенна ресурсын ауыстырып қосады.
- **[диск ойнату]:** диск негізіне ауыстырып қосады.
- **[Жаңа құр. қосу]:** Жаңа құрылғыларды бастапқы мәзірге қосады.
- **[Баптау]:** Сурет, дыбыс және басқа параметрлерді өзгертетін мәзірлерге кіргізеді.

- 3 Таңдауыңызды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

- 4 Шығу үшін  түймесін басыңыз.



Кеңес

- **[Жаңа құр. қосу]** таңдағаннан кейін экрандағы нұсқауларды орындап, тиісті құрылғы мен коннекторды таңдаңыз.

Құрылғылардың атауларын бастапқы мәзірден өзгерту

Жаңа құрылғыны бастапқы мәзірге қосқан соң, оның атауын қалауыңызша өзгертуіңізге болады.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 Аты өзгертілетін құрылғыны таңдау үшін   түймесін басыңыз.
- 3 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Параметрлер мәзірі шығады.
- 4 **[Құрылғы атын өзг.]** опциясын таңдау үшін   түймесін, сосын **OK** түймесін басыңыз.
↳ Мәтін енгізу терезесі шығады.
- 5 Таңбаларды таңдау үшін   түймесін басыңыз.
- 6 Әр таңбаны растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 7 **[Дайын]** опциясын таңдаңыз, сосын құрылғылардың атын өзгертуді аяқтау үшін **OK** түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Құрылғы атауының ұзындығы 16 таңбаға дейін болады.
- Бас әріпті кіші әріпке және керісінше өзгерту үшін **[Aa]** түймесін басыңыз.

Құрылғыларды бастапқы мәзірден жою

Егер құрылғы теледидарға бұдан кейін қосылмайтын болса, оны бастапқы мәзірден жойып тастаңыз.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 Жойылатын құрылғыны таңдау үшін   түймесін басыңыз.
- 3 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 4 **[Құр. алып тастау]** опциясын таңдау үшін  түймесін, сосын **OK** түймесін басыңыз.
- 5 **[Жою]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Таңдалған құрылғы бастапқы мәзірден жойылады.

Сурет пен дыбыс параметрлерін өзгерту

Сурет пен дыбыс параметрлерін ұйғарғаныңызға сәйкестендіру үшін өзгертіңіз. Алдын ала орнатылған параметрлерді қолдануға немесе параметрлерді қолмен өзгертуге болады.



Есте сақтаңыз

- Теледидарды көріп отырғанда немесе сыртқы құрылғыларды пайдаланғанда, сурет және дыбыс параметрлеріне жылдам кіру үшін **OPTIONS** түймесін басып, **[Сурет және дыбыс]** опциясын таңдаңыз.

Параметрлер көмекшісін пайдалану

Сурет және дыбыс параметрлеріне алып бару үшін параметрлер көмекшісін пайдаланыңыз.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Сурет] > [Параметр көм.]** тармақтарын таңдау үшін   түймесін басыңыз.

- 3 **OK** түймесін басыңыз.

↳ **[Параметр көм.]** мәзірі шығады. Қалаған сурет параметрлеріңізді таңдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Керемет суретті пайдалану

Алдын ала орнатылған сурет параметрлерін қолдану үшін керемет суретті пайдаланыңыз.

- 1  **PICTURE** түймесін басыңыз.
↳ **[Оптималды сурет]** мәзірі шығады.
- 2 Төмендегі параметрлердің бірін таңдау үшін  түймесін басыңыз.
 - **[Жеке]:** Параметрлерді “параметрлер көмекшісі” мәзірінде қолданады.
 - **[Жарқын]:** Қанық әрі динамикалық параметрлерді қолданады.
 - **[Стандартты]:** Көптеген бейне орталары мен түрлеріне сәйкестендіру үшін сурет параметрлерін реттейді.
 - **[Кинотеатр]:** Фильм көру режимінің параметрлерін қолданады.
 - **[Ойын]:** Ойын параметрлерін қолданады.
 - **[Коректі үнемдеу]:** Қуатты аз қажет ететін сурет параметрлерін қолданады.
 - **[Табиғи]:** Тамаша сурет сапасын қолданады.
 - **[Таңдамалы]:** Өзгермелі сурет параметрлерінің тізімін шығарады.
- 3 Таңдауыңызды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Таңдалған керемет сурет параметрі қолданылады.

Сурет параметрлерін қолмен реттеу

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау]** > **[Сурет]** тармақтарын таңдау үшін   түймесін басыңыз.
- 3 Төмендегі параметрлерді таңдау үшін   түймесін басыңыз.
 - **[Оптималды сурет]:** Алдын ала орнатылған керемет сурет параметрлеріне өтеді.
 - **[Бейне контрасты]:** Артқы жарықты өзгертпей, бейне мазмұнының қарқындылығын дұрыстайды.
 - **[Контраст]:** Бейне мазмұнын өзгертпей, артқы жарықтың қарқындылығын дұрыстайды.
 - **[Жарықтылық]:** Қара аумақтардың дәрежесі мен детальдерін реттейді.
 - **[Түс]:** Түс қанықтығын реттейді.
 - **[Реңк]:** Өзгертін түстердің орнын толтырады.
 - **[Айқындық]:** Бейнекескіннің айқындылығын дұрыстайды.
 - **[Шуды бәсеңдету]:** Бейнекескіндегі шуылды сүзеді және азайтады.
 - **[Реңкке бояу]:** Бейнекескіндегі түс балансын реттейді.
 - **[Таңдамалы реңк]:** Түс реңкінің параметрін реттейді. **[Реңкке бояу]** > **[Таңдамалы]** (таңдалған жағдайда ғана бар)
 - **[Сандық мөлдірлілік]:** Сыртқы пикселдермен сәйкестендіру үшін әр пикселді нақты баптайды. Ол керемет, айқындылығы жоғары бейнекескін жасайды.
 - **[Қоз. контраст]:** Контрастын күшейтеді. **[Орташа]** параметрі ұсынылады.
 - **[Қоз. артқы жарық]:** Түсіп тұрған жарыққа сәйкес келтіру үшін теледидардың артқы жарығының ашықтығын реттейді.
 - **[MPEG артефакт аз.]:** Сандық суреттердегі ауысымды түзетеді. Осы мүмкіндікті қосуға немесе өшіруге болады.

- **[Түсті күшейту]:** Түстерді жандандырып, ашық түстерді жақсартып түседі. Осы мүмкіндікті қосуға немесе өшіруге болады.
- **[ДК режимі]:** Теледидарға ДК HDMI немесе DVI арқылы қосылғанда суретті реттейді.
- **[Сурет пішімі]:** Сурет форматын өзгертеді.
- **[Сурет өлшемі]:** Көретін орынды дұрыстайды. (ең үлкен мәніне қойылғанда, шуылды немесе кескіннің анық емес шетін көруіңіз мүмкін.)
- **[Көлденең жылжыту]:** PC-VGA, DVI, HDMI немесе YPbPr үшін суретті көлденеңінен реттейді.
- **[Тік жылжыту]:** PC-VGA, DVI, HDMI немесе YPbPr үшін суретті тігінен реттейді.

Сурет форматын өзгерту


- 1  түймесін басыңыз.
↳ Сурет форматының жолағы шығады.
- 2 Сурет форматын таңдау үшін  түймесін басыңыз.
↳ Таңдалған сурет форматы іске қосылады.
- 3 Таңдауыңызды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Сурет форматтары туралы қысқаша

Мына сурет параметрлерін конфигурациялауға болады.

 Есте сақтаңыз

- Сурет ресурсының форматына байланысты кейбір сурет параметрлері қол жетімді емес.



[Авто пішімдеу]: (PC режиміне арналмаған.)
Қолайлы кескін пішімін автоматты түрде көрсетеді. Болмаса,, кең экран режимі қолданылады.



[Қосымша ұлғайту]: (HD және компьютер режимі үшін емес.) 4:3 хабар тарату форматтарының жандарындағы қара жолақтарды кетіреді. Аз бұрмаланады.




[4:3]: Классикалық 4:3 форматын көрсетеді.




[Субтитрді ұлғайту]:
4:3 суреттерін экранда толық, субтитрлерімен бірге көрсетеді. Суреттің жоғарғы жағының бір бөлігі кесіліп қалған.



[Кино кең.14:9]: (HD және Компьютер режимі үшін емес.) 4:3 форматын 14:9 форматына өзгертеді.



[Кино кең.16:9]: (HD және компьютер режимі үшін емес.) 4:3 форматын 16:9 форматына өзгертеді.



[Кең бейнебет]: 4:3 және 16:9 пішімдері арасында өзгертеді.



[Ауқымы анық емес]:
Тек HD және компьютер режимі үшін және тек таңдалған модельдерде. Айқындылығын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Кейбір бұрмалану ақауы хабар таратушы мекемелердің жүйелерінен болуы мүмкін. Жақсы нәтижелер алу үшін компьютер ажыратымдылығын кең экран режиміне өзгертіңіз.

Керемет дыбысты пайдалану

Алдын ала орнатылған дыбыс параметрлерін қолдану үшін керемет дыбысты пайдаланыңыз.

- 1 **♪ SOUND** түймесін басыңыз.
↳ **[Оптималды дыбыс]** мәзірі шығады.
- 2 Төмендегі параметрлерді таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
 - **[Таңдамалы]:** Дыбыс мәзірінде бейімделген параметрлерді қолданады.
 - **[Стандартты]:** Көптеген дыбыс орталары мен түрлеріне сәйкестендіру үшін дыбыс параметрлерін реттейді.
 - **[Жаңалық]:** Жаңалықтар сияқты айтылатын дыбыс параметрлерін қолданады.
 - **[Кино]:** Фильм параметрлерін қолданады.
- 3 Таңдауыңызды растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Таңдалған керемет дыбыс параметрі қолданылады.

Дыбыс параметрлерін қолмен реттеу

- 1 **⬆** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Дыбыс]** тармақтарын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
↳ **[Дыбыс]** мәзірі шығады.
- 3 Төмендегі параметрлерді таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
 - **[Оптималды дыбыс]:** Алдын ала орнатылған керемет дыбыс параметрлеріне өтеді.
 - **[Бас дыбыс]:** Басс деңгейін реттейді.
 - **[Діріл]:** Жиілігі жоғары дыбыс деңгейін реттейді.
 - **[Сандық дыбыс үйлесімі]:** Еріннің қозғалысын дыбыстың шығуымен үндестіру мүмкіндігін қосады немесе өшіреді. Ол қосылғанда, теледидар дыбыс пен кескіннің шығуын үндестіреді. Өшірілгенде, теледидарға қосылған сыртқы құрылғыда еріннің қозғалысын дыбыстың шығуымен үндестіру мүмкіндігін дұрыстау керек. (Тек SPDIF қосылғанда қол жетімді)
 - **[Үнділік]:** Дыбыс деңгейін дұрыстайды.
 - **[Дыбыс деңгейі анық бұзылған]:** Көзге бүлінген дыбысты тұрақты дыбыспен араластыра орнатады. Қол жетімді болған кезде көзге бүлінген дыбыс экрандағы әрекеттің дыбыстық сипаттамаларын қамтиды. Сондай-ақ, **AD (Аудио дескриптор)** түймесін басу арқылы осыны қосуға болады. (Тек Ұлыбританияда қолданылады.)
 - **[Теңгерім]:** Оң және сол жақ динамиктердің балансын дұрыстайды.
 - **[Аудио тіл]:** Бірнеше тілмен хабар таратылғанда, сандық арналарға қол жетімді. Қол жетімді аудио тілдерін көрсетеді.
 - **[Қосарлы I-II]:** Егер қос дыбыстық тарату қолжетімді болса, дыбыс тілдерін таңдайды.

- **[Моно/Стереo]:** Егер стереo арнамен тарату қолжетімді болса, моно немесе стереo арнаны таңдайды.
- **[ТД күшейткіштері]:** Теледидардың динамиктерін қосады немесе өшіреді. (Easylink қосылған кезде қол жетімді болады).
- **[Қоршау]:** Кең тарамды дыбысты қосады.
- **[Құлаққап үнділігі]:** Құлақаспаптың дыбыс деңгейін дұрыстайды.
- **[Дыбыс деңгейін авто реттеу]:** Дыбыс деңгейінің кездейсоқ өзгеруін, мысалы, арналарды ауыстырып қосқанда, автоматты түрде азайтады.
- **[Үшб. дыб. деңгейі]:** Арналар немесе жалғаулы құрылғылар арасында дыбыс деңгейі айырмашылықтарын анықтайды. Сынақ дыбыс деңгейін өзгертудің алдында жалғаулы құрылғыны қосыңыз.
- **[SPDIF OUT]:** Сандық аудио шығыс түрін таңдайды.
 - **[PCM]:** PCM емес аудионы PCM аудиосына түрлендіріңіз.
 - **[Көп арналы]:** Аудионы үй театрына шығарады.

Әмбебап қатынас мәзірін пайдалану

Бірінші рет рет орнатқан кезде әмбебап қатынас мәзірін іске қосуға болады. Қосқан соң, теледидарды немесе сыртқы құрылғыларды пайдаланып отырған кезде көру және есту қабілеті нашар адамдарға арналған мәзірлерге жылдам кіруге болады.



Кеңес

- Сондай-ақ, **[Баптау] > [Орнатым] > [Таңдаулар] > [Әмбебап кіру] > [Қосулы]** опциясын таңдау арқылы әмбебап қатынас мәзірін қосуға болады.

- 1 Теледидарды көріп отырғанда, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Теледидар опцияларының мәзірі шығады.
- 2 Кіру үшін **[Әмбебап кіру]** опциясын таңдап, **OK** не ► пернесін басыңыз.
- 3 Төмендегі опциялардың біреуін таңдау үшін ◀► түймесін, ал кіру үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - **[Есту бүлінген]:** Есту қабілеті нашар адамдарға арналған субтитрлерді қосады.
 - **[Анық бүлінген]:** **[Дыбыс деңгейі анық бұзылған]** дыбысын шығару үшін динамикті, құлаққапты немесе екеуін де таңдайды. Дыбыстық дескрипторды өшіру үшін **[Ажыратулы]** опциясын таңдаңыз. (Тек Ұлыбританияда қолданылады).
 - **[Дыбыс деңгейі анық бұзылған]:** Көру қабілеті нашар адамдар үшін дыбыстың қаттылығын реттейді.



Кеңес

- Опцияларға кіру үшін қашықтан басқару пультіндегі түрлі түсті түймелерді басыңыз.

Озық телемәтін мүмкіндіктерін пайдалану

Телемәтін опциялары мәзіріне кіру

Телемәтін параметрлері мәзірі арқылы телемәтін функцияларына кіргізеді.

- 1 **TELETEXT** түймесін басыңыз.
↳ Телемәтін экраны шығады.
- 2 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Телемәтін опциялары мәзірі шығады.
- 3 Төмендегі опциялардың біреуін таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
 - **[Ашып көрсету]:** Жұмбақтардың немесе бас қатырғыштардың шешімдері сияқты беттегі жасырулы ақпаратты жасырады немесе көрсетеді.
 - **[Қос.бет.қай.айн.]:** Ішкі беттер қол жетімді болған жағдайда, ішкі беттерді автоматты түрде қарап шығады.
 - **[Тіл]:** Басқа таңбалар қатарын пайдаланған кезде тілді дұрыс көрсету үшін басқа тілдер тобына ауыстырып қосады.
 - **[Бетті қат. таст.]:** Ағымдағы бетті қатырады.
 - **[Қос экран] / [Толық экран]:** Қос экран телемәтінін қосып өшіреді.
- 4 Таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін, ал оны растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Телемәтін опциялары мәзірінен шығу үшін **BACK** түймесін басыңыз.

Телемәтіннің ішкі беттерін таңдау

Телемәтін бетінде бірнеше ішкі беттер болады. Ішкі беттер негізгі бет нөмірі қатарындағы жолаққа шығады.

- 1 **TELETEXT** түймесін басыңыз.
↳ Телемәтін экраны шығады.
- 2 Телемәтін бетін таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
- 3 Ішкі бетке кіру үшін **◀▶** түймесін басыңыз.

Т.О.Р. таңдаңыз телемәтін хабарлары

Беттер Мазмұны (Т.О.Р.) телемәтін хабарлары бет нөмірлерін пайдаланбай бір тақырыптан екіншісіне секіруге мүмкіндік береді. Т.О.Р. телемәтінді барлық ТД арналар қолдамайды.

- 1 **TELETEXT** түймесін басыңыз.
↳ Телемәтін экраны шығады.
- 2 **INFO** түймесін басыңыз.
↳ Т.О.Р. шолуы пайда болады.
- 3 Тақырып таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 4 Бетті көру үшін **OK** түймесін басыңыз.

Сүйікті арналардың тізімін құру және пайдалану

Қалаған телеарналарыңызды оңай тауып алу үшін сол арналардың тізімдерін құрып қоюға болады.

Сүйікті тізімді таңдау

- 1 Теледидарды көрген кезде арналар кестесін көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Арна опциялары мәзірі шығады.
- 3 **▲▼** тармағын таңдау үшін **[Тізімді таңдау]** түймесін, сосын кіру үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арналар тізімінің опциялары пайда болады.
- 4 **[таңдаулы]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Тек сүйікті тізімдегі арналар арналар кестесіне шығады.



Есте сақтаңыз

- Сүйікті тізімдерге арналар қосқанша, сүйікті арналар кестесі бос болады.

Барлық арналарды көру

Сүйікті тізімнен шығып, барлық орнатылған арналарды көруге болады.

- 1 Теледидарды көріп отырғанда, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арналар кестесі шығады.
- 2 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Арна опциялары мәзірі шығады.
- 3 **[Тізімді таңдау]** опциясын таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз, сосын оған кіру үшін **OK** не **►** түймесін басыңыз.
- 4 **[Барлығы]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арналар кестесінен барлық арналар көрсетіледі.



Есте сақтаңыз

- Арналар кестесін көрген кезде, барлық сүйікті арналар жұлдызшамен белгіленеді.

Арнаны сүйікті тізімге қосу



Кеңес

- Арнаны сүйікті тізімге қосардың алдында барлық арналарды көріп алыңыз.

- 1 Теледидарды көріп отырғанда, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арналар кестесі шығады.
- 2 Сүйікті тізімге қосылатын арнаны таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 3 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Арна опциялары мәзірі шығады.
- 4 **[Таңд. рет. таңб.]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арна сүйікті тізімге қосылады.



Есте сақтаңыз

- Барлық сүйікті арналар арналар кестесінде жұлдызшамен белгіленген.

Арнаны сүйікті тізімнен жою

- 1 Теледидарды көріп отырғанда, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арналар кестесі шығады.
- 2 Арнаны өшіруге таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 3 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 4 **[Сүйікті деген білгіні алып тас]** таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арна өшіріледі.

Электрондық бағдарламалар нұсқаулығын пайдалану

EPG - сандық арналарға арналған экрандағы нұсқаулық. EPG төмендегілерді орындауға мүмкіндік береді:

- Хабар таратып тұрған сандық бағдарламалар тізімін көру
- Келетін бағдарламаларды көру
- Бағдарламаларды жанр бойынша топтастыру
- Бағдарламалар іске қосылғанда еске салуларды орнату
- Қалаған EPG арналарын орнату

EPG нұсқаулығын қосу

- 1 Теледидарды көріп отырғанда, **BROWSE** түймесін басыңыз.
↳ EPG жоспарлау экраны шығып, кестедегі бағдарламалар туралы ақпаратты көрсетеді.



Есте сақтаңыз

- EPG деректері тек таңдалған елдерде қолданылады және оны жүктеуге біраз уақыт кетуі мүмкін.



Кеңес

- EPG және арналар торы арасында ауыстырып қосу үшін **BROWSE** түймесін басыңыз.

EPG пайдалану

- 1 Теледидарды көріп отырғанда, **BROWSE** түймесін басыңыз.
↳ EPG жоспарлаушы экраны пайда болады.
- 2 **▲** түймесін басыңыз.
↳ Бағдарлама нұсқаулығының мәзірі пайда болады.
- 3 Параметрді таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін, сосын оны растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 EPG мәзірінен шығу үшін **▲** түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Тек **[Қалаған EPG арналары]** тізіміндегі арналар EPG мәзіріне шығады.

EPG опциялар мәзірін пайдалану

Еске салуды орнату немесе жою, күнін өзгерту және басқа пайдалы EPG опцияларына қол жеткізу үшін, EPG опциялар мәзірін пайдаланыңыз.

- 1 **BROWSE** түймесін басыңыз.
- 2 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ EPG мәзірі шығады.
- 3 Төмендегі опциялардың біреуін таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
 - **[Еске салуды орнат] / [Еске салуды жою]:** Еске сақтау тізіміне бағдарламаларды орнатады немесе өшіреді.
 - **[Күнді өзгерту]:** EPG күнін орнатады.
 - **[Ақпаратты көрсету]:** Бағдарлама туралы ақпаратты көрсетеді.
 - **[Жанр бойынша іздеу]:** Телебағдарламаларды жанр бойынша іздейді.
 - **[Кестедегі еске салу]:** Бағдарламаның еске салуларының тізімін береді. Тек алдағы бағдарламаларға қол жетімді.

- **[Қалаған EPG арналары]:** Қалаған EPG арналарын орнатады.
- **[EPG деректерін алу]:** Қажетті EPG арналары туралы ақпаратты жаңартады.

4 Опцияға кіру немесе оны іске қосу үшін **OK** түймесін басыңыз.

5 EPG мәзірінен шығу үшін **BACK** түймесін басыңыз.



Кеңес

- EPG және арналар торы арасында ауыстырып қосу үшін **BROWSE** түймесін басыңыз.

Теледидар сағатын пайдалану

Теледидар экранынан сағатты көрсетуге болады. Сағат телевизиялық қызмет көрсету операторынан алынған уақыт деректерін пайдалана отырып, ағымдағы уақытты көрсетеді.

Теледидар сағатын көрсету

1 Теледидарды көріп отырғанда, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
 ➔ Теледидардың опциялар мәзірі шығады.

2 **[Сағат]** тармағын таңдаңыз.

3 **OK** түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Сағатты өшіру үшін жоғарыдағы тәртіпті қайталаңыз.

Сағат режимін өзгерту

1 **▲** түймесін басыңыз.

2 **[Баптау] > [Орнатым] > [Сағат] > [Авто сағат]** тармақтарын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.

3 **[Автоматты]** немесе **[Қолмен]** тармағын таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.

4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Жаздық уақытты пайдалану

1 **▲** түймесін басыңыз.

2 **[Баптау] > [Орнатым] > [Сағат] > [Жаздық]** тармақтарын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.

3 **▶** ішіне кіру үшін **[Жаздық]** немесе **OK** түймесін басыңыз.

4 **[Стандартты уақыт]** немесе **[Жаздық уақыт]** тармағын таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.

5 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Бұл опция **[Авто сағат] > [Қолмен]** таңдалған жағдайда ғана (сағат бойынша деректер жіберілетін елдерде) қол жетімді.

Таймерлерді пайдалану

Белгілі бір уақытта теледидарды күту режиміне қосу үшін таймерлерді орнатуға болады.



Кеңес

- Таймерлерді пайдаланар алдында теледидардың сағатын орнатыңыз.

Теледидарды күту режиміне автоматты қосу (түнгі таймер)

Алдын ала қойылған уақыт кезеңінен кейін түнгі таймер теледидарды күту режиміне қосады.



Кеңес

- Кері есеп кезінде теледидарды ертерек өшіруге немесе автоматты өшіру таймерін нөлдеуге болады.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Мүмкіндіктер] > [Ұйқы таймері] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
↳ [Ұйқы таймері] мәзірі шығады.
- 3 Нөл мен 180 минуттың арасынан бір мәнді таңдау үшін түймесін басыңыз.
↳ Автоматты өшіру таймеріне мәнді бес минуттық қадамдармен қоюға болады. Егер нөлге қойылса, автоматты өшіру таймері өшіп қалады.
- 4 Автоматты өшіру таймерін қосу үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Теледидар көрсетілген уақыттан кейін күту режиміне қосылады.

Теледидарды автоматты түрде қосу (қосу таймері)

Теледидарды белгілі бір уақытта көрсетілген арнаға күту режимінен ауыстырып қосуға болады.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Мүмкіндіктер] > [Қосу таймері] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 3 [Қосу таймері] мәзіріне кіру үшін түймесін басыңыз.
 - [Белсенді ету]: Теледидардың жиі қосылатын уақытын таңдайды.
 - [Уақыт]: Теледидарды қосатын уақытты таңдайды.
 - [Бағдарлама нөмірі]: Арнаны немесе қосылған құрылғыны таңдайды.
- 4 Шығу үшін түймесін басыңыз.



Кеңес

- Бұл мүмкіндікті өшіру үшін [Қосу таймері] > [Белсенді ету] > [Ажыратулы] опциясын таңдаңыз.

Теледидарды құлыптау функцияларын пайдалану

Теледидардың басқару органдарын құлыптау арқылы балаларыңызға белгілі бір бағдарламаларды немесе арналарды көрсетпеуге болады.

PIN кодын орнату немесе өзгерту

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Мүмкіндіктер] > [Кодты орнату] / [Кодты өзгерту] опциясын таңдау үшін   түймесін басыңыз.
↳ [Кодты орнату] / [Кодты өзгерту] мәзірі пайда болады.

- 3 Кодты **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.
↳ Жаңа PIN кодын беру немесе өзгерту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Кеңес

- Егер сіз кодыңызды ұмытып қалсаңыз, бар кодтарды ауыстырып алу үшін '8888' енгізіңіз.

Теледидарды құлыптау немесе құлыптан ашу

Барлық арналар мен жалғанған құрылғыларға кіргізбеу үшін теледидарды құлыптайды.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Мүмкіндіктер] > [ТД құлпы] тармақтарын таңдау үшін   түймесін басыңыз.
↳ Сізге PIN кодын енгізу нұсқауы беріледі.

- 3 Кодыңызды **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.
↳ [ТД құлпы] мәзірі шығады.

- 4 [Құрсаулау] немесе [Құрсаудан босату] тармағын таңдау үшін  түймесін басыңыз.

- 5 Растау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.
↳ Барлық арналар және жалғаулы құрылғылар кілттеледі немесе кілттен ашылады.

- 6 Шығу үшін  түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Өзгерту әсер ету үшін теледидарды өшіріп қосыңыз.
- Егер сіз [Құрсаулау] тармағын таңдасаңыз, сізге теледидарды қосқан сайын кодты енгізу керек болады.

Теледидарды белгілі бір уақытқа кілттеу

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Мүмкіндіктер] > [кейін құлыптау] тармақтарын таңдау үшін   түймесін басыңыз.
↳ Сізге PIN кодын енгізу нұсқауы беріледі.
- 3 Кодыңызды **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.
- 4 [Қосулы] тармағын таңдаңыз.
↳ Мүмкіндіктер мәзірі шығады.
- 5 [Уақыт] таңдап, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
- 6 **Санды түймелер** немесе **Жылжу түймелері** бар уақытты енгізіңіз.
- 7 [Дайын] тармағын таңдаңыз.
↳ Теледидар автоматты түрде белгіленген уақытта өшеді.



Есте сақтаңыз

- Теледидарды қосқан сайын кодты енгізу қажет болады.
- Өзгерту әсер ету үшін теледидарды өшіріп қосыңыз.

Бір не одан көп арналарды кілттеу немесе кілттен ашу

- 1 Теледидарды көрген кезде арналар кестесін көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Арнаны кілттеуге немесе кілттен ашуға таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 3 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 4 **[Арнаны кілттеу]** немесе **[Арнаны ашу]** тармағын таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
- 5 Әрбір таңдау үшін арнаны кілттеуге немесе кілттен ашуға **OK** түймесін басыңыз.
↳ Арнаны бірінші рет құлыптағанда немесе құлпын шешкенде, PIN кодын енгізуді сұрайды.
- 6 Кодты енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Егер арна құлыпталған болса, құлыптың белгішесі шығады.
- 7 Басқа арналарды құлыптау немесе құлпын ашу үшін осы процесті қайталаңыз.



Есте сақтаңыз

- Өзгерту әсер ету үшін теледидарды өшіріп қосыңыз.
- Егер сіз арналарды ауыстырып қосу үшін қашықтан басқару пультіндегі **P +/-** түймесін пайдалансаңыз, құлыпталған арналарды өткізіп жібереді.
- Егер сіз арналар кестесінен құлыпталған арналарға кірсеңіз, PIN кодын енгізуді сұрайды.

Ата-аналық құлып деңгейлерін орнату

Кейбір сандық хабар тарату стансалары бағдарламаларын жасқа қарай анықтайды. Теледидарыңызды тек балаңыздың жасынан үлкен жас деңгейлері орнатылған бағдарламаларды көрсететін етіп қоюға болады.

- 1 **▲** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Мүмкіндіктер] > [Ата-ана рейтингі]** тармақтарын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
↳ Код орнату экраны шығады.
- 3 Кодыңызды **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.
↳ Ата-аналық құлыптың деңгейлер мәзірі шығады.
- 4 Жас деңгейін таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Шығу үшін **▲** түймесін басыңыз.

Субтитрлерді пайдалану

Әр телеарна үшін субтитрлерді қосуға болады. Субтитрлер телемәтін немесе DVB-T сандық хабарлар арқылы беріледі. Сандық хабар тарату жүйелері арқылы субтитр тілін таңдауға болады.

Субтитрлерді аналогты телеарналарда қосу

- 1 Аналогты телеарнаны таңдаңыз.
- 2 **TELETEXT** түймесін басыңыз.
- 3 Субтитр бетінің үш таңбалы бет нөмірін **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.
- 4 Телемәтінді өшіру үшін **TELETEXT** түймесін басыңыз.
- 5 **SUBTITLE** түймесін басыңыз.
↳ **[Субтитр режимі]** мәзірі шығады.
- 6 Әрдайым субтитрлерді көрсету үшін **[Қосулы]** немесе дыбыс өшірілгенде ғана субтитрлерді көрсету үшін **[Дыбыс өшірілгенде қо]** параметрін таңдаңыз.
- 7 Субтитрлерді қосу үшін **ОК** түймесін басыңыз.
- 8 Әрбір аналогты арнада субтитрлерді қосу үшін осы тәртіпті қайталаңыз.



Keçes

- Субтитрлерді өшіру үшін **[Субтитр режимі]** > **[Ажыратулы]** параметрлерін таңдаңыз.

Субтитрлерді сандық телеарналарда қосу

- 1 Сандық арналарды көріп отырған кезде, **SUBTITLE** түймесін басыңыз.
↳ **[Субтитр режимі]** мәзірі шығады.
- 2 Әрдайым субтитрлерді көрсету үшін **[Қосулы]** немесе дыбыс өшірілгенде ғана субтитрлерді көрсету үшін **[Дыбыс өшірілгенде қо]** параметрін таңдаңыз.
- 3 Субтитрлерді қосу үшін **ОК** түймесін басыңыз.

Сандық телеарналарда субтитр тілін таңдау



Есте сақтаңыз

- Сандық телеарнада субтитр тілін төменде көрсетілгендей етіп таңдаған кезде, орнату мәзіріне орнатылған қажетті субтитр тілі уақытша басым болады.

- 1 **▲** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау]** > **[Мүмкіндіктер]** > **[Субтитр тілі]** тармақтарын таңдау үшін **▲▼▶** түймесін басыңыз.
- 3 Қол жетімді тілдер тізіміне кіру үшін **ОК** немесе **▶** түймесін басыңыз.
- 4 Субтитр тілін таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, **ОК** түймесін басыңыз.



Keçes

- Сондай-ақ, теледидарды көріп отырғанда **[Субтитр тілі]** мәзіріне **OPTIONS** > **[Субтитр тілі]** түймелерін басу арқылы кіруге болады.

USB еске сақтау құрылғысындағы фото суреттерді көру және музыканы ойнату



Абайлаңыз

- Philips компаниясы USB еске сақтау құрылғысы қолданылатын-қолданылмайтынына жауап бермейді немесе зақымдануға не құрылғыдан деректердің жоғалуына жауапкершілік артпайды.

USB еске сақтау құрылғысына сақталған фото суреттерді көру немесе музыканы тыңдау үшін USB коннекторын пайдаланыңыз.

- 1 Теледидарды қосыңыз.
- 2 USB құрылғысын теледидарға жалғаңыз.
↳ Бастапқы мәзір шығады.
- 3 [USB шолу] таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
↳ USB нобайлық браузері шығады.



Кеңес

- Нобайлық және файлдық шолу көріністерін ауыстырып қосу үшін **BROWSE** түймесін басыңыз.

Суреттерді көру

- 1 USB құрылғысына шолу жасалғанда [Сурет] қалтасына кіру үшін **►** түймесін басыңыз.
- 2 Фото суретті немесе фото альбомды таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 3 Фото суретті толық экранда көру үшін **OK** түймесін басыңыз.



Кеңес

- Толық экран режимінде фото суреттердің арасында жылжыту үшін **◀▶** түймесін басыңыз.

Фото суреттерді слайдшоумен көру

- 1 Фото суреттің толық экрандағы бейнекескіні көрсетілгенде, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Слайдшоу таңдалған фото суреттен басталады.
- 2 Слайдшоуды басқару үшін мына түймелерді басыңыз:
 - Слайдшоуға пауза жасау үшін **OK** немесе **■** түймесін.
 - Артқа қайту немесе келесі кескінге жылжу үшін **◀◀** немесе **▶▶** түймесін басыңыз.
 - Слайдшоуды тоқтату жасау үшін **■** түймесін.

Слайдшоу параметрлерін өзгерту

- 1 Слайдшоумен көріп отырғанда, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Слайдшоудың опциялар мәзірі шығады.
- 2 Төмендегілердің біреуін таңдау үшін **▲▼** түймесін басыңыз.
 - [Слайдшоуды бастау] / [Слайдшоуды тоқтат]: Слайдшоуды көрсетеді немесе тоқтатады.
 - [Сл. көрм. ау]: Бір суреттен екіншісіне өту қозғалысын орнатады.
 - [Сл. көрм. жиіл.]: Суреттің көрсетілетін уақыт мөлшерін қояды.
 - [Кескінді бұру]: Суретті айналдырады.
 - [Ақпаратты көрсету]: Суреттің атауын, күнін, өлшемдерін және слайдшоудағы келесі суретті көрсетеді.
- 3 Параметрді растау үшін **OK** түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- [Кескінді бұру] және [Ақпаратты көрсету] параметрлері слайдшоуды тоқтата тұру үшін **OK** түймесін басқанда ғана пайда болады.

Музыканы тыңдау

- 1 USB нобайлық браузері көрінісінде **[Әуен]** параметрін таңдап, оған кіру үшін ► түймесін басыңыз.
 - Нобайлық және файлдық шолу көріністерін ауыстырып қосу үшін **BROWSE** түймесін басыңыз.
- 2 Музыка немесе альбом таңдау үшін ▲▼◀▶ түймесін басыңыз.
- 3 Таңдалған музыканы ойнату үшін **OK** түймесін басыңыз.

Түйме	Функция
OK / ► 	Пауза, жалғастырып ойнату немесе ойнатуды тоқтату.
◀◀ / ►►	Алдыңғы немесе келесі музыкаға өтіңіз.

Музыка параметрлері

Музыканы тыңдағанда, төмендегі музыка параметрлерінің біреуіне өту үшін **OPTIONS** түймесін басыңыз.

- **[Ойнатуды бастау] / [Ойнатуды тоқтату]:** Музыканы ойнатуды бастайды немесе тоқтатады.
- **[Қайталау] / [Бір рет ойнату]:** Өлеңді қайталайды. / Қайталап ойнату режимін өшіреді және өлеңді немесе альбомды бір рет ойнатады.
- **[Араластыру қосулы] / [Араластыру өшірулі]:** Өлеңдерді еркін ойнату функциясын қосады немесе өшіреді.
- **[Ақпаратты көрсету]:** Файлдың атын көрсетеді.
- **[ТД күшейткіштері]** (Easylink іске қосылған кезде қол жетімді): Теледидардың динамиктерін қосады немесе өшіреді.
- **[Дыбыс]:** Дыбыс параметрін реттейді.

Слайдшоуды музыкамен көру

Суреттердің слайдтарын музыкалық фонмен көруге болады.

- 1 Өлеңдер альбомын таңдаңыз.
- 2 **OK** түймесін басыңыз.
- 3 USB мазмұнын шолуға оралу үшін **BACK** түймесін басыңыз.
- 4 Суреттер альбомын таңдаңыз.
- 5 **OK** түймесін басыңыз.

USB еске сақтау құрылғысын ажырату



Абайлаңыз

- USB еске сақтау құрылғысын зақымдауға жол бермеу үшін мына тәртіпті орындаңыз.

- 1 USB браузерінен шығу үшін **BACK** түймесін басыңыз.
- 2 Бес секунд күтіп, USB еске сақтау құрылғысын ажыратыңыз.

Сандық радио арналарды тыңдау

Егер сандық хабарлар таратылса, сандық радио арналар орнату кезінде автоматты түрде орнатылады.

- 1 Теледидарды көрген кезде арналар кестесін көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- 3 **[Тізімді таңдау] > [Радио]** тармақтарын таңдау үшін ▲▼ түймесін басыңыз.
↳ Радио арналар кестесі шығады.
- 4 Радио арнаны таңдау үшін ▲▼◀▶ түймесін басыңыз, сосын тыңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Радио арналардан шығу және барлық арналарды көру үшін **[Тізімді таңдау] > [Барлығы]** тармақтарын таңдаңыз.

Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Philips компаниясы өнімдерін үнемі жақсартып отыруға тырысады, сондықтан біз жаңартулар қол жетімді болған кезде теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңартуды ұсынамыз.
www.philips.com/support сайтының қол жетімді екенін тексеріңіз.

Орнатылған бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Бағд. жаңартымы] > [Ағымдағы бағдарламал] тармақтарын таңдау үшін  түймесін басыңыз.
 Теледидар орнатылған бағдарламалық жасақтама нұсқасы туралы ақпаратты көрсетеді.

Бағдарламалық жасақтаманы жүктеу

- 1 Дербес компьютеріңізде веб-браузерді ашып, www.philips.com/support сайтына өтіңіз.
- 2 Бағдарламалық жасақтаманың соңғы жаңарту файлын дербес компьютеріңізге жүктеңіз.
- 3 Мұрағат файлды шығарып алыңыз.
- 4 autorun.upg файлын USB құрылғысының түбір каталогына көшіріңіз.

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын USB еске сақтау құрылғысы немесе сымсыз жүктеу арқылы жаңартуға болады.

USB құрылғысы арқылы жаңарту

USB еске сақтау құрылғысын теледидарға қосыңыз.

- 1 Егер бағдарламалық жасақтаманы жаңарту экраны автоматты түрде пайда болмаса, [Баптау] > [Бағд. жаңартымы] > [Жерг. жаңартулар] > [USB] опциясын таңдаңыз.
- 2 Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Есте сақтаңыз

- Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту аяқталған соң, теледидар қайта іске қосылады.

Сымсыз жүктеу арқылы жаңарту

- 1 Егер (DVB-T) сандық хабар тарату пайдаланылса, теледидар бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды автоматты түрде қабылдайды. Егер сіз бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды сұрайтын хабарды экраннан алсаңыз:
 - Бағдарламалық жасақтаманы бірден жаңарту үшін **[Қазір жаңарту]** тармағын таңдаңыз.
 - Сол кезде жаңарту экранынан шығып, кейінірек еске салуы үшін **[Кейінірек еске салу]** тармағын таңдаңыз.
 - Жаңартуды өткізу үшін **[Болдырмау]** тармағын таңдаңыз.
- 2 Егер сіз **[Болдырмау]** тармағын таңдасаңыз, OAD жаңартуына **[Баптау] > [Бағд. жаңартымы] > [Жерг. жаңартулар] > [OAD]** тармақтарын таңдау арқылы қолмен кіруге болады.
- 3 Қол жетімді OAD нұсқасын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Жаңартуды іске қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



Есте сақтаңыз

- Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту аяқталған соң, теледидар қайта іске қосылады.

Теледидар артықшылықтарын өзгерту

Теледидардың параметрлерін реттеу үшін параметрлер мәзірін пайдаланыңыз.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Орнатым] > [Таңдаулар]** тармақтарын таңдаңыз.
 - **[Орын]:** Теледидар параметрлерін орналасқан жеріңізге (үйге немесе дүкенге) оңтайландырады.
 - **[Үнділік жолағы]:** Дыбыс қаттылығын дұрыстағанда дыбыс қаттылығының жолағын көрсетеді.
 - **[Арна ақпараты]:** Арналарды ауыстырып қосқан сайын телеарна туралы ақпаратты көрсетеді. Арна туралы ақпаратты көру үшін **[Толық]** немесе арна туралы ақпаратты өшіру үшін **[Ажыратулы]** опциясын таңдаңыз.
 - **[Әмбебап кіру]:** Әмбебап қатынас мәзірін қосады немесе өшіреді.
 - **[EasyLink]:** EasyLink құрылғылары арасында бір рет басып ойнатуға және бір рет басып күту режиміне қосуға мүмкіндік береді.
 - **[Pixel Plus Link]:** Жалғанған құрылғылардың параметрлерінен басым болып, теледидардың параметрлерін пайдаланады. (Easylink іске қосылған кезде қол жетімді).
 - **[Е-жапсырғыш]:** Тек дүкен режимі үшін. Стикердің орнын анықтайды.
- 3 Артықшылығын таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 4 **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Шығу үшін түймесін басыңыз.

Декодер арнасына өту

Декодер арқылы қамтамасыз етілетін арналарды ТД арна таңдауышқа көрсетуіңізге болады. Осы жолмен сіз арналарды теледарыңыздың RC пайдаланып осы арналарды таңдауыңызға болады. Декодерді немесе дескремблерді EXT1 (SCART) ұясына жалғау керек.

Декодер арнасын орнату

Арналарды декодерден немесе дескремблерден көрсету.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Декодер] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 [Декодер] мәзіріне кіру үшін ► түймесін басыңыз.
- 4  тармағын таңдау үшін [Арна] түймесін, сосын кіру үшін ► түймесін басыңыз.
- 5 Декодер / дескремблер арнасына көрсетілетін бір арнаны таңдап, оны растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 6 [Күй] тармағын таңдап, кіру үшін ► түймесін басыңыз.
- 7 Декодермен / дескремблермен пайдаланылатын [EXT 1] (SCART) коннекторын таңдаңыз.
- 8 **OK** түймесін басыңыз.
- 9 Шығу үшін  түймесін басыңыз.



Есте сақтаңыз

- Декодермен пайдаланатын қосқышты таңдағыңыз келмесе, [Ешбір] түймесін басыңыз.

Теледидардың демонстрация режимін іске қосу

Теледидардың мүмкіндіктерін жақсы түсіну үшін демонстрацияларды пайдалануға болады. Кейбір демонстрациялар белгілі бір модельдерде болмайды. Қол жетімді демонстрациялар мәзірлер тізімінде көрсетіледі.

- 1 Қашықтан басқару құралындағы **DEMO** түймесін басыңыз.
- 2 Демо режимді таңдау үшін  түймесін басыңыз, сосын оны көру үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Шығу үшін **DEMO** түймесін басыңыз.

Теледидардың зауыттық параметрлерін қалпына келтіру

Теледидардың әдепкі сурет және дыбыс параметрлерін қалпына келтіруге болады. Арналарды орнату параметрлері сол қалпында қалады.

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Зау. орнатымдар] тармақтарын таңдаңыз.
- 3 [Зау. орнатымдар] тармағына кіру үшін ► түймесін басыңыз.
- 4 Зауыттық мәндерді қайтаруды іске қосу үшін [Қалпына келтіру] тармағын таңдаңыз.
- 5 **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Шығу үшін  түймесін басыңыз.

7 Арналарды орнату

Теледидарды бірінші рет орнатқанда, сізге мәзір тілін таңдауға және теледидар және сандық радио арналарын (болған жағдайда) орнатуға нұсқау береді. Бұл тарауда арналарды қайта орнату және нақты баптау тәсілдері туралы нұсқаулар берілген.

Арналарды автоматты түрде орнату

Бұл бөлім арналарды автоматты түрде іздеу және сақтау тәсілдерін суреттейді.

1-қадам Мәзір тілін таңдау

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Тіл] > [Мәзір тілі] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 3 ішіне кіру үшін [Мәзір тілі] немесе ОК түймесін басыңыз.
- 4 Тілді таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, ОК түймесін басыңыз.
- 6 [Орнатым] мәзіріне оралу үшін түймесін басыңыз.

2-қадам Еліңізді таңдау

Теледидар орнатылатын елді таңдаңыз. Сол елге қол жетімді арналар теледидарға орнатылады.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Арнаны орнату] > [Арналарды автоматты түрде іздеу] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.

- 3 Мәзірге кіру үшін ОК немесе түймесін басыңыз.
 Ел мәзірі шығады.
- 4 Еліңізді таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 5 Таңдауыңызды растау үшін, ОК түймесін басыңыз.
 Арналарды орнату торы экранға шығады.

3-қадам Арналарды орнату

Қол жетімді аналогты және сандық телеарналарды және сандық радио арналарды автоматты түрде орнатады.

- 1 Арналарды орнату нұсқаулығы бар экраннан [Толық орнату] опциясын таңдаңыз.
- 2 Растау үшін, ОК түймесін басыңыз.
 Теледидар барлық қол жетімді арналарды іздей және сақтай бастайды.
- 3 Орнатып болған соң, орнату мәзірінен шығу үшін ОК түймесін басыңыз.

Арналар тізімін жаңарту

Теледидар күту режимінде тұрғанда, арналарды автоматты түрде жаңартуды қосуға болады. Теледидарға сақталған арналар хабар тарату стансасындағы арналар туралы ақпаратқа сәйкес күнделікті таңертең жаңартылып отырады.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Арнаны орнату] > [Күту режимінде жа] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 3 Автоматты жаңартуды іске қосу үшін, [Қосулы] немесе оны ажырату үшін [Ажыратулы] тармағын таңдаңыз.

Арналарды қолмен орнату

Бұл бөлім аналогты теледидар арналарын қолмен іздеу және сақтау тәсілдерін суреттейді.

1-қадам Жүйені таңдау



Есте сақтаңыз

- Егер жүйе параметрлері дұрыс болса, бұл қадамды өткізіп жіберіңіз.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Арнаны орнату] > [Аналог: қолмен орнату] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
↳ [Аналог: қолмен орнату] мәзірі шығады.
- 3 тармағын таңдау үшін [Жүйе] түймесін, сосын кіру үшін түймесін басыңыз.
- 4 Елді немесе аймақты таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, ОК түймесін басыңыз.
- 6 [Арнаны орнату] мәзіріне оралу үшін түймесін басыңыз.

2-қадам Жаңа теледидар арналарын іздеу және сақтау

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Арнаны орнату] > [Аналог: қолмен орнату] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
↳ [Аналог: қолмен орнату] мәзірі шығады.
- 3 тармағын таңдау үшін [Іздеу] түймесін, сосын кіру үшін түймесін басыңыз.
- 4 Үш таңбалы жиілікті қолмен енгізу үшін түймесін басыңыз.

- 5 Іздеуді бастау үшін ОК түймесін басыңыз.
↳ Егер арна таңдалған жиілікте қол жетімді болмаса, келесі қол жетімді арнаны іздеу үшін ОК түймесін басыңыз.
- 6 Жаңа арна табылғанда BACK түймесін басыңыз.
- 7 Жаңа арнаны жаңа арна нөмірімен сақтау үшін [Жаңа арна етіп сақта] таңдайтын түймесін басыңыз.
- 8 [Жаңа арна етіп сақта] опциясына кіру үшін ОК түймесін, сосын ОК түймесін басыңыз.
- 9 [Арнаны орнату] мәзіріне оралу үшін түймесін басыңыз.

3-қадам Аналогты арналарды нақты баптау

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Арнаны орнату] > [Аналог: қолмен орнату] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
↳ [Аналог: қолмен орнату] мәзірі шығады.
- 3 тармағын таңдау үшін [Нақты баптау] түймесін, сосын кіру үшін түймесін басыңыз.
- 4 Жиілігін реттеу үшін түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, ОК түймесін басыңыз.
- 6 Арна нөмірін сақтауға [Ағымдағы арнаны сақтау] опциясын таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 7 [Ағымдағы арнаны сақтау] опциясына кіру үшін түймесін, сосын ОК түймесін басыңыз.
- 8 [Арнаны орнату] мәзіріне оралу үшін түймесін басыңыз.

Арналардың атауларын өзгерту

Арналардың атауларын өзгертуге болады. Арна таңдалған кезде атауы шығады.

- 1 Теледидарды көрген кезде арналар кестесін көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 Атты өзгерту үшін арнаны таңдаңыз.
- 3 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Арна опциялары мәзірі шығады.
- 4 **[Арнаны қайта атау]** опциясын таңдау үшін **▲▼** түймесін, сосын **OK** түймесін басыңыз.
↳ Мәтін енгізу терезесі шығады.
- 5 Таңбаларды таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 6 Әр таңбаны растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 7 **[Дайын]** опциясын таңдаңыз, сосын құрылғының атын өзгертуді аяқтау үшін **OK** түймесін басыңыз.



Кеңес

- Бас әріпті кіші әріпке және керісінше өзгерту үшін **[Aa]** түймесін басыңыз.

Арналарды ретке келтіру

Арналарды орнатқаннан кейін олардың шығу ретін дұрыстауға болады.

- 1 Теледидарды көрген кезде арналар кестесін көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ Арна опциялары мәзірі шығады.
- 3 **[Қайта реттеу]** опциясын таңдау үшін **▲▼** түймесін, сосын **OK** түймесін басыңыз.

- 4 Арнаны қайта реттеуге таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
↳ Таңдалған арна ерекшеленеді.
- 5 Ерекшеленген арнаны қажетті орынға жылжыту үшін **▲▼◀▶** түймесін, сосын **OK** түймесін басыңыз.
- 6 **OPTIONS** түймесін басыңыз.
↳ **[Аяқталған қайта р]** экранға шығады.
- 7 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
- 8 Арналар кестесінен шығу үшін **BACK** түймесін басыңыз.

Сандық сигналды қабылдауды тексеру

Сандық арналардың сапасы мен күшін тексеруге болады. Бұл антеннаны немесе жерсерік табағының орнын өзгертуге және сигналдарын тексеруге мүмкіндік береді.

- 1 **■** түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Орнатым] > [Арнаны орнату] > [Арналарды қолмен іздеу]** тармақтарын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 3 Мәзірге кіру үшін **►** түймесін басыңыз.
- 4 Тексергіңіз келетін арна жиілігін енгізу үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
- 5 Жиілігін растау үшін **OK** түймесін басыңыз, сосын **OK** мәнін растау үшін **[Іздеу]** түймесін қайтадан басыңыз.
- 6 Болған соң, жиілікті сақтау үшін **[Сақтау]** параметрін таңдаңыз.



Есте сақтаңыз

- Егер сигналдың сапасы мен күші нашар болса, антеннаның немесе жерсерік табағының орнын ауыстырып, қайта тексеріңіз.
- Егер сіз сандық хабар сигналдарын қабылдауда қиындықтарға тап бола берсеңіз, маманданған орнатушы маманмен хабарласыңыз.

8 Құрылғылар жалғау


Бұл бөлімде құрылғыларды әр түрлі коннекторлармен жалғау жолдары сипатталады. Үлгілер “Жылдам қосу” бөлімінде берілген.



Есте сақтаңыз


- Құрылғыны теледидарға жалғау үшін әр түрлі коннекторларды пайдалануға болады.

Артқы коннектор



1 HDMI 1


Blu сәулелі ойнатқыштар сияқты айқындылығы жоғары құрылғылар сигналын қабылдайтын сандық аудио және бейне кіріс.



DVI немесе VGA арқылы жалғауға қосымша аудио кабель (ақылдасу 'Компьютерді жалғау' бет 45) қажет етіледі.


2 TV ANTENNA

Антенна, кабельдік немесе жерсерік сигнал қабылдайтын сигнал кірісі.




3 EXT 1 (CVBS және RGB)

DVD ойнатқыштары немесе ойын құрылғысы сияқты аналогты немесе сандық құрылғылар сигналын қабылдайтын аналогты аудио және бейне кіріс.




4 SPDIF OUT

Үй кинотеатрлары мен басқа сандық аудио жүйелерге шығатын сандық аудио шығыс.



⑤ PC IN (VGA және AUDIO)

Компьютер сигналын қабылдайтын аудио және бейне кіріс.




⑥ SERV. U

Бағдарламалық жасақтаманы жаңартуға арналған.


① COMMON INTERFACE

Шартты қатынас модуліне (CAM) арналған слот.




② AUDIO L/R

VIDEO құрылғыларға жалғанған аналогты құрылғылар сигналын қабылдайтын аудио кіріс.




③ VIDEO

Бейне магнитофон сияқты аналогты құрылғылар сигналын қабылдайтын композитті бейне кіріс.




Бүйір коннекторы



④ USB


USB еске сақтайтын құрылғыларының сигналын қабылдайтын деректер кірісі.




⑤ Ғ (Құлаққап)

Құлақаспапқа немесе гарнитураға шығатын стерео аудио шығыс.


• DVI-HDMI кабелі



• HDMI кабелі және HDMI-DVI адаптері



• VGA кабелі



Компьютерді жалғау

Компьютерді теледидарға жалғаудың алдында

- Компьютеріңіздің экранының жаңару жиілігін 60 Гц мәніне орнатыңыз.
- Компьютеріңізден қолданылатын экран ажыратымдылығын таңдаңыз.


Компьютердің төмендегі коннекторлардың біреумен жалғаңыз:



Есте сақтаңыз

- DVI немесе VGA арқылы жалғауға қосымша аудио кабель қажет етіледі.

• HDMI кабелі



Шартты қатынас модулін пайдалану

Сандық телеарналарды кодтан ашу үшін шартты қатынас модулін (CAM) сандық теледидар қызмет көрсету операторлары береді.



Есте сақтаңыз

- Смарт картаны шартты қатынас модуліне салу туралы операторыңыздағы құжаттарға қараңыз.


CAM модулін салу және іске қосу



Абайлаңыз

- Төмендегі нұсқауларды орындауды ұмытпаңыз. CAM модулін дұрыс салмаудан CAM мен теледидарыңызды зақымдауы мүмкін.

- 1 Теледидарды өшіріп, оны ток көзінен ажыратыңыз.
- 2 CAM сыртында көрсетілген бағытпен CAM модулін теледидардың жанындағы **COMMON INTERFACE** ішіне салыңыз.



- 3 CAM модулін кіргенше салыңыз.
- 4 Теледидарды ток көзіне қайта жалғаңыз.
- 5 Теледидарды қосып, CAM модулінің іске қосылуын күтіңіз. Бұған бірнеше минут кетуі мүмкін. CAM модулін слоттан пайдаланылмаған кезде шығармаңыз — CAM модулін шығармағаннан сандық қызметтер өшіп қалады.

CAM қызметтеріне кіру

- 1 CAM модулін салғаннан және іске қосқаннан кейін  түймесін басыңыз.
- 2 **[Баптау] > [Мүмкіндіктер] > [Жалпы интерфейс]** тармақтарын таңдау үшін   түймесін басыңыз.
↳ Сандық теледидар қызмет көрсету операторы қамтамасыз ететін бағдарламалар экранға шығады.



Есте сақтаңыз

- Тек CAM модулі дұрыс салып іске қосқан жағдайда осы мәзір параметрі қолданылады.

Philips EasyLink режимін пайдалану

Теледидарыңызда HDMI CEC (Тұтынушылардың электрондық бақылауы) протоколын пайдаланатын Philips EasyLink мүмкіндігі бар. HDMI коннекторлары арқылы қосылған EasyLink үйлесімді құрылғыларын бір қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.



Есте сақтаңыз

- EasyLink үйлесімді құрылғысын қосу және ресурс ретінде таңдау керек.
- Philips компаниясы HDMI CEC құрылғыларымен үйлесімді болуына 100% кепілдік бермейді.

EasyLink мүмкіндіктері

бір рет тиіп ойнату

Теледидар бір рет басып ойнату мүмкіндігі бар құрылғыларға қосылғанда, теледидар мен құрылғыларды бір қашықтан басқару пультімен басқаруыңызға болады.

бір рет тию күту калпына келтіру

Теледидар күту режимі бар құрылғыларға қосылғанда, теледидардың қашықтан басқару пультін теледидар мен барлық жалғанған HDMI құрылғыларын күту режиміне шығару үшін пайдалануыңызға болады.

Жүйенің дыбысын басқару

Теледидар HDMI CEC үйлесімді құрылғыларына қосылғанда, теледидар жалғанған құрылғының дыбысын ойнату үшін автоматты түрде ауысып қосылады. Бір рет басып ойнатылатын дыбысты пайдалану үшін дыбыс кірісін жалғанған құрылғыдан теледидарыңызға ауыстыру керек.

Дыбыс деңгейін дұрыстау үшін жалғаулы құрылғының қашықтан басқару пультін пайдалануыңызға болады.

EasyLink режимін қосу немесе өшіру



Есте сақтаңыз

- Егер сіздің Philips EasyLink режимін пайдаланғыңыз келмесе, оны қоспаңыз.

- 1 түймесін басыңыз.
- 2 [Баптау] > [Орнатым] > [Таңдаулар] > [EasyLink] тармақтарын таңдау үшін түймесін басыңыз.
- 3 [Қосулы] немесе [Ажыратулы] тармағын таңдаңыз.

Бір рет басып ойнату мүмкіндігін пайдалану

- 1 EasyLink режимін қосқаннан кейін құрылғыдағы ойнату түймесін басыңыз.
 Теледидар автоматты түрде дұрыс ресурсқа қосылады.

Бір рет басып күту режиміне шығару мүмкіндігін пайдалану

- 1 Теледидардың немесе құрылғының қашықтан басқару пультінен (**Күту режимі қосылды**) түймесін басыңыз.
 Теледидар мен барлық жалғаулы HDMI құрылғылары күту режиміне шығады.

Теледидардың динамиктерін EasyLink режиміне қою

EasyLink үйлесімді үй кинотеатрынан мазмұн ойнатқанда, теледидар динамиктерінің дыбысы автоматты түрде өшіріледі.

- 1 Алдыңғы бөлімдегі нұсқауларды орындау арқылы Easylink үйлесімді құрылғылары арасында бір рет басып ойнату және бір рет басып күту режиміне шығару мүмкіндіктерін қосыңыз (ақылдасу 'EasyLink режимін қосу немесе өшіру' бет 47).
- 2 **▲** түймесін басыңыз.
- 3 [Баптау] > [Дыбыс] > [ТД күшейткіштері] > [Авто EasyLink] тармақтарын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.
↳ Easylink үйлесімді жүйесінің мазмұны анықталғанда, теледидардың динамиктері автоматты түрде өшеді.
- 4 Жүйенің дыбысын басқару мүмкіндігін өшіріп, теледидардың динамиктерін қосатын [Баптау] > [Дыбыс] > [ТД күшейткіштері] > [Қосулы] тармақтарын таңдау үшін **▲▼◀▶** түймесін басыңыз.




Есте сақтаңыз

- Теледидар динамиктерінің дыбысын өшіру үшін [ТД күшейткіштері] > [Ажыратулы] опциясын таңдаңыз.

Kensington құлпын пайдалану

Kensington қауіпсіздік слоты теледидардың артында орналасқан. Слот пен ауыр үстел сияқты қозғалмайтын нысанның арасында Kensington құлпын іліп қою арқылы ұрлыққа жол бермеңіз.



9 Өнім туралы ақпарат

Өнім туралы ақпарат ескертусіз өзгертіледі.
Толық өнім ақпаратын алу үшін
www.philips.com/support сайтына өтіңіз.

Теледидар

Қолданылатын дисплей ажыратымдылықтары

Компьютер форматтары

- Ажыратымдылық - жаңару жиілігі:
 - 640 x 480 - 60Гц
 - 800 x 600 - 60Гц
 - 1024 x 768 - 60Гц
 - 1280 x 720 - 60Гц
 - 1280 x 1024 - 60Гц
 - 1360 x 768 - 60Гц

Бейне форматтар

- Ажыратымдылық - жаңару жиілігі:
 - 480i - 60Гц
 - 480p - 60Гц
 - 576i - 50Гц
 - 576p - 50Гц
 - 720p - 50Гц, 60Гц
 - 1080i - 50Гц, 60Гц
 - 1080p - 24Гц, 25Гц, 30Гц, 50Гц.

Мультимедиа

- Қолданылатын сақтау құралы: USB (Тек FAT 16 немесе FAT 32 USB сақтау құрылғылары қолданылады)
- Қолданылатын мультимедиалық файл форматтары:
 - Бейнекекіндер: JPEG
 - Аудио: MP3



Есте сақтаңыз

- Мультимедиалық файл атаулары 128 таңбадан аспауға тиісті.

Тюнер / Қабылдау / Хабар тарату

- Антенна кірісі: 75 Ом коаксиальді (IEC75)
- DVB: DVB Terrestrial, DVB-T MPEG4
- Телевизиялық жүйе: DVB COFDM 2K/8K; PAL I, B/G, D/K; SECAM B/G, D/K, L/L'
- Бейне ойнату: NTSC, SECAM, PAL
- Тюнер ауқымдары: Гиперауқым, S-арнасы, UHF, VHF

Диск ойнатқышы

Аймақ коды

DVD аймақтық коды	Елдер
 	Еуропа
 	Ресей

Медианы ойнату

DVD-Video, DVD+R/+RW, DVD-R/-RW, DVD+R DL, CD-R/CD-RW, Audio CD, Video CD/SVCD, Picture CD, MP3-CD.

Файл пішімі

- Аудио: .mp3
- Бейне: .mpeg, .mpg,
- Сурет: .jpeg, .jpg

Дыбыс

- Іріктеу жиілігі
 - MP3: 32 kHz, 44.1 kHz, 48 kHz
- Тұрақты сандық ағын:
 - MP3: 112 кбит/с - 320 кбит/с

Лазер сипаттамасы

- Түрі: GaAlAs (CD) жартылай өткізгіш лазері
- Толқын ұзындығы: 645 - 665 нм (DVD), 770 - 800 нм (CD)
- Шығыс қуат: 6 МВт (DVD), 7 мВт (VCD / CD)
- Толқынның шашырауы: 60 градус.

Қашықтан басқару пульті

- Түрі: YKF253009
- Батареялар: 2 x AAA (LR03 үлгісіндегі)

Электр қуаты

- Ток кернеуі: 220-240В, 50Гц
- Күту режиміндегі қуат: < 0,3 Вт
- Сыртқы температура: Цельсий бойынша 5 - 40 градус

Жинақтағы теледидар бекітпелері

Теледидарды орнату үшін, Philips ТД кронштейнін сатып алыңыз. Кабельдер мен коннекторларға зақым келтіріп алмау үшін теледидардың артынан кемінде 2,2 дюйм немесе 5,5 см арақашықтық қалдыруды ұмытпаңыз.




Ескерту

- Теледидар тіреуішімен берілген барлық нұсқауларды орындаңыз. Koninklijke Philips Electronics N.V. қабырғаға дұрыс орнатылмау салдарынан орын алатын апатқа, адамның жарақаттануына немесе зақымдануға жауапкершілік артпайды.


Теледидар экранының өлшемдері (дюйм)	Қажетті еңкею бұрышы (мм)	Қажетті бекіту бұрандалары (≤ 10mm)
22	75 x 75	4 x M4

Өнімнің техникалық сипаттамасы

Үлгісі және сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі.



4.65 kg



4.85 kg

10 Ақаулықтарды жою

Бұл бөлімде негізгі кездесетін ақаулар мен оларды шешу жолдары суреттеледі.

Жалпы мәселелер

Теледидар қосылмайды:

- Электр шнурын ток көзінен ажыратыңыз. Бір минут күтіп, оны қайта жалғаңыз.
- Электр шнурының дұрыс қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.

Қашықтан басқару пульті дұрыс істемейді:

- Қашықтан басқару пультің алдыңғы панельдегі сенсорға бағыттаңыз.
- Қашықтан басқару пультіңдегі батареялардың +/- бағыттары сақталып, дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- Қашықтан басқару пультіңдегі батареялар ескірсе немесе ағып кетсе, оларды ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару пульті мен теледидар сенсорлық линзаларын тазалаңыз.

Теледидар күту режимінің шамы қызыл болып жыпылықтайды:

- Электр шнурын ток көзінен ажыратыңыз. Электр шнурын қайта қосудың алдында теледидардың салқындауын күтіңіз. Егер қайта жыпылықтаса, Philips тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Сіз теледидар құлпын ашатын кодты ұмытып қалдыңыз.

- '8888' енгізіңіз.

Теледидар мәзірі басқа тілде тұр.

- Теледидар мәзірін ұйғарған тілге өзгертiңiз.

Теледидар қосылғанда / өшірілгенде / күту режиміне шыққанда, сіз теледидар корпусынан сықырланған дыбысты естисіз:

- Ешқандай әрекет қажет етілмейді. Теледидар салқындағанда және жылығанда, сықырлаған дыбыс оның көлемінің үлкеюін және кішіреюін білдіреді. Бұл оның жұмысына әсер етпейді.

Теледидар арналарына қатысты мәселелер

Орнатылып қойған арналар арналар тізімінен көрінбейді:

- Дұрыс арналар тізімінің таңдалған-таңдалмағанын тексеріңіз.

Орнату кезінде ешқандай сандық арналар табылмады:

- Еліңізде теледидардың DVB-T немесе DVB-T Lite жүйесін қолданатынын тексеріңіз.

Кейбір арналар телеидарымда автоматты түрде орнатылмайды:

- Орнату кезінде теледидар (ақылдасу '2-қадам Еліңізді таңдау' бет 40) орнатылатын елді таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.

Сурет ақаулары

Теледидар қосулы, бірақ сурет көрінбейді:

- Антеннаның теледидарға дұрыс қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.
- Теледидар ресурсы ретінде дұрыс құрылғының таңдалған-таңдалмағанын тексеріңіз.
- Теледидар диск көзіне қосылғанын тексеріңіз. 🏠 түймесін басыңыз, одан кейін [Диск ойнату] таңдаңыз.

Дыбыс бар, бірақ сурет жоқ:

- Сурет параметрлерінің дұрыс орнатылған-орнатылмағанын тексеріңіз.

Антенна қосылымынан теледидар сигналы нашар қабылданады:

- Антеннаның теледидарға дұрыс қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.
- Дауысзорайтқыштар, жерге қосылмаған аудио құрылғылар, неонды шамдар, биік ғимараттар және басқа нысандар қабылдау сапасына әсер етуі мүмкін. Мүмкіндігінше антенна бағытын өзгерту немесе құрылғыларды теледидардан жылжыту арқылы қабылдау сапасын жақсартуға тырысыңыз.
- Егер бір ғана арна нашар қабылданып тұрса, сол арнаны нақты баптаңыз.

Жалғаулы құрылғылардың сурет сапасы нашар:

- Құрылғылардың дұрыс жалғанған-жалғанбағанын тексеріңіз.
- Сурет параметрлерінің дұрыс орнатылған-орнатылмағанын тексеріңіз.

Теледидар сурет параметрлерін сақтамады:

- Теледидар орнының үй параметріне қойылған-қойылмағанын тексеріңіз. Бұл режим параметрлерді өзгерту және сақтау икемділігін ұсынады.

Сурет экранға сәйкес емес, ол тым үлкен немесе тым кішкентай:

- Басқа сурет форматын пайдаланып көріңіз.

Суреттің орны дұрыс емес:

- Кейбір құрылғылардың сурет сигналдары экранға дұрыс сәйкес келмейді. Құрылғының сигнал шығысын тексеріңіз.

Теледидарда көрсетілетін “электрондық стикер” жапсырмасын өшіру мүмкін емес.

- Логотиптер мен кескіндерді өшіру үшін теледидардың орнына үйді қойыңыз.
 1. **⬆** түймесін басыңыз.
 2. **[Баптау] > [Орнарым] > [Таңдаулар] > [Орын]** тармақтарын таңдаңыз.
 3. **[Басты бет]** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Дыбыс ақаулары

Сурет бар, бірақ теледидар құрылғысының дыбысы шықпайды:

 **Есте сақтаңыз**

- Егер ешқандай аудио сигнал байқалмаса, теледидардың аудио шығысын автоматты түрде өшіреді — бұл ақау бар екенін білдірмейді.

- Барлық кабельдердің дұрыс жалғанған-жалғанбағанын тексеріңіз.
- Дыбыс деңгейінің 0-ге қойылған-қойылмағанын тексеріңіз.
- Дыбыстың өшірілген-өшірілмегенін тексеріңіз.

Сурет бар, бірақ дыбыс сапасы нашар:

- Дыбыс параметрлерінің дұрыс орнатылған-орнатылмағанын тексеріңіз.

Сурет бар, бірақ дыбыс бір ғана динамиктен шығады:

- Дыбыс балансының ортаға қойылған-қойылмағанын тексеріңіз.

Диск ойнатқышы мәселелері

Дискіні ойнату мүмкін емес.

- Дискіні тазартыңыз.
- Диск ойнатқышының диск пішімін қолдайтынын тексеріңіз.
- Диск ойнатқыш DVD аймақтық кодын қолдайтынын тексеріңіз.
- DVD±RW немесе DVD±R үшін дискінің біткеніне көз жеткізіңіз.
- Дискінің затбелгісі жоғары қаратылып, дұрыс енгізілгенін тексеріңіз.

Диск ойнатқыштың мәзірі диск шығарылған кезде шықпайды.

- Негізгі мәзірге кіру үшін **⬆** немесе **⏮ SOURCE** түймесін басыңыз.

Диск ойнатқышы жауап бермейді.

- Операцияны орындау мүмкін емес. Дискідегі нұсқауларды тексеріңіз.

HDMI қосылымының ақаулары

HDMI құрылғыларында ақаулық туындады:

- HDCP (кең жолақты сандық мазмұнды қорғау) қолдауының HDMI құрылғысынан берілетін мазмұнды көрсетуге теледидар үшін алынған уақытты кідіртетінін ескеріңіз.
- Егер теледидар HDMI құрылғысын танымаса және ешқандай сурет көрінбесе, ресурсты бір құрылғыдан екіншісіне және қайтадан кері ауыстырып қосып көріңіз.
- Егер дыбыс үздіксіз бұрмаланса, HDMI құрылғысының шығыс параметрлерінің дұрыс-дұрыс еместігін тексеріңіз.
- Егер HDMI-DVI адаптері немесе HDMI - DVI кабелі пайдаланылса, қосымша аудио кабельдің **AUDIO** (тек шағын ұя үшін) жалғанғанын тексеріңіз.

Компьютер қосылымының ақаулары

Теледидардан компьютердің көрсетуі тұрақты емес:

- Дербес компьютеріңіздің қолдау көрсетілетін ажыратымдылығы мен жаңару кезеңін пайдаланатынына көз жеткізіңіз.
- Теледидардың сурет форматын масштабсыз мәнге қойыңыз.

Бізбен байланысыңыз

Егер сіз бұл мәселені шеше алмасаңыз, осы теледидарға арналған жиі қойылатын сұрақтар бөлімін www.philips.com/support сайтынан қараңыз.

Егер мәселе шешілмей қалса, қосымшада берілгендей Philips тұтынушыларын қолдау бөлімімен хабарласыңыз.



Ескерту

- Теледидар өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Оның салдарынан ауыр жарақат салуы, теледидар жөнделмейтін зақым келтіруі немесе кепілдікті жарамсыз етуі мүмкін.



Есте сақтаңыз

- Philips компаниясына хабарласпас бұрын, теледидардың моделі мен сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл нөмірлер теледидар арт жағында және орауыш үстінде басып шығарылған.

11 Индекс

С

CAM (шартты қатынас модулі)	46
Conditional Access Module (Шартты Кіру Модулі)	46
сурет форматы	
ақаулықтарды жою	51
өзгерту	24
сандық арна	
субтитрлер	34
сынау қабылдауы	42
сандық қызметтер	
CAM (шартты қатынас модулі)	46
телемәтін	14, 27
Сандық радио	36, 40
сипаттамалар	49
слайдшоу	
көру	35
музыкамен	36
смарт карта	46
смарт параметрлері	22, 25
субтитрлер	
аналогтық арнада	34
сандық арнада	34
тіл	34
сүйіктілер тізімі	
тізім құру	28
тізімге қосу	28
тізімді қарап шығу	28
сурет параметрлері	22
сымсыз жүктеу	38

Е

EasyLink	
ажырату	47
бір рет тиіп ойнату	47
бір рет тию күту калпына келтіру	47
жүйенің дыбысын басқару	48
қосу	47
ел	40
естілу төмендеді	26

Н

HDMI	53
-------------	----

К

Kensington бұғаттауы	48
-----------------------------	----

Р

PIN коды	32
pixel plus link	38
радио	36

U

USB	
USB құрылғысын ажырату	36
бағдарламалық жасақтаманы жаңарту	37
музыканы тыңдау	36
суреттерді көру	35
USB құрылғысын ажырату	36

А

ажыратымдылық	49
ақаулықтарды жою	51
аналогтық	
нақты баптау	41
антенна	43
арна декодері	39
арналар	
ақаулықтарды жою	51
баптау	41
жаңарту	28
қабылдауын тексеру (сандық арналар)	42
қайта атау	42
қайта ретке келтіру / қайта реттеу	42
қосу	13
құлыптау	33, 32
нақты баптау	41
орнату	
автоматты	40
нұсқау	41
сүйіктілер тізімі	28
тізім	28
тор	14
арналар кестесі	14
арналарды қайта реттеу	42

арналарды нақты баптау	41
арналарды орнату	
автоматты	40
нұсқау	41
арналарды ретке келтіру	42
арналардың атауларын өзгерту	42
артықшылықтар	38
ата-аналық құлып деңгейі	33

Б	
бағдарламалық жасақтама	
жаңарту	38, 20
нұсқа	37
сымсыз жүктеу	38
баларларға қарсы құлыптау	
PIN коды	32
арналарды құлыптау	33
бағалауды құлыптау	33
қосылған құрылғыларды құлыптау	32
батареялар	50, 8
бейне пішім	
техникалық сипаттары	49
Беттер кестесі	27
бір рет тиіп ойнату	47
бір рет тию күту калпына келтіру	47

Д	
дауыс қаттылығы	
автоматты баптау	25
дельта	25
дұрыстау	14
дыбыссыз	14, 48
декодер	39
демонстрация	39
диск ойнатқыш	
ақаулықтарды жою	52
диск мәзірі	18, 19
қолдауға ие диск	49
ойнату	15
параметрлерді өзгерту	18
дүкен режимі	38
дыбыс параметрлері	25

Ә	
әдепкі параметрлер	39
әдепкісін қалпына келтіру	39
әмбебап қатынас мәзірі	26

Ж	
жалғау	
антенна	43
компьютер	53, 45
жалпы интерфейс	46

З	
зауыттық параметрлер	39
зерделі дыбыс	25
зерделі сурет	22

К	
кәдеге жарату	8
компьютер	
дисплейдің ажыратымдылығы	49
жалғау	53, 45
компьютер	
ажыратымдылық	49
жалғау	45, 53
көрсету	
ажыратымдылық	49
күтім	7
күту режимі	13

Қ	
қабылдау	42, 51
қабырғаға орнатуға арналған	
кронштейн	50
қашықтан басқару пульті	
батареялар	50, 8
техникалық сипаттары	50
қоршаған ортаны қорғау	8
Қосқыштар	
HDMI	53, 43
USB	35
шолу	43

қосу	
арналар	13
қосу және өшіру	13
ресурс	14

құлыптау	
Kensington бұғаттауы	48
PIN коды	32
арналарды құлыптау	33
бағалауды құлыптау	33
қосылған құрылғыларды құлыптау	32
құрылғылар	14

құрылғылар	
жалғау	43
жою	22
қайта атау	21
көру	14
негізгі мәзірге қосу	21
қызмет ету мерзімінің соңы	8

М	
MHEG телемәтіні	14
MPEG бейнелеу нысанын азайту	23
мазмұн бағалары	33
мәзір	
әмбебап қатынас	26
негізгі мәзір	21
телемәтін	27
музыка	
USB	36
Сандық радио	36
слайдшоумен	36
мультимедиа	49

О	
орналастыру	8
орны	
ел	40
үй немесе дүкен	38

Ө	
өнімді тіркеу	10
өнімнің техникалық сипаттамалары	49

П	
параметрлер көмекшісі	22
параметрлері	
дыбыс	25, 22
сурет	22, 23

Т	
таймер	
күту режимі	31
таймерде	31
ұйықтау таймері	31
таймерде	31
тарату	49

ТД құлыптау	
PIN коды	32
арналарды құлыптау	33
бағалауды құлыптау	33
қосылған құрылғыларды құлыптау	32
ТД шолы	10

теледидар динамиктерінің дыбысын өшіру	48
---	----

телемәтін	
Беттер кестесі	27
ішкі беттер	27
мәзір	27
мүмкіндіктері	27
пайдалану	14
телемәтіндегі ішкі беттер	27
техникалық сипаттары	49
тізім	
сүйіктілер тізімі	28
тіл	
субтитр	34

Ү	
үй режимі	38

Э	
экран күту	7
электр қуаты	50
электрондық стикер	38

